

А. С. Кунанбаева, Ш. Т. Бектасов, И. Г. Плачинта,
А. К. Ахетова, Н. А. Ахат

ӨЛКЕТАНУ

Ақмола облысы

Жалпы білім беретін мектептің
5-сынып оқушыларына арналған

ОҚУЛЫҚ

I бөлім



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған



KELESHEK
2030
КӨКШЕТАУ

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Каз)я72
Ө-37

Ө-37 **Өлкегану. Ақмола облысы:** жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларына арналған оқулық. I бөлім + CD / А. С. Кунанбаева, Ш. Т. Бектасов, И. Г. Плачинга, А. К. Ахетова, Н. А. Ахат. – Көкшетау: Келешек-2030 баспасы, 2020. – 64 б.

ISBN 978-601-317-376-4

Оқулықтың электрондық нұсқасы: http://keleshek-2030.kz/books/kraev_5kz.php

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Каз)я72

Шартты белгілер

-  – сұрақтар
-  – зерттеу
-  – ізденіс жұмысы
-  – жеке жұмыс
-  – топтық жұмыс
-  – ойланып жауап бер
-  – компьютермен жұмыс
-  – электрондық материал

ISBN 978-601-317-376-4 © ИП Келешек-2030 баспасы, 2018, 2020
ISBN 978-601-317-377-1

Мазмұны

Алғы сөз	6
Ақмола облысының физикалық картасы	7
Қазақстан тарихы	8
§ 1. Туған өлкенің аңыз-ертегілері	8
§ 2. Айналамыздағы тарихи ескерткіштер	18
§ 3. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен балуандар	24
§ 4. Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейін тамашалау)	32
Музыка	38
§ 5. Туған өлке симфониясы	38
Хрестоматия	43
Туған өлкенің аңыз-әңгімелері	44
Легенды и сказания родного края	44
Ақмола туралы аңыз	44
Легенда об Акмоле	44
Атбасар – ат аялдататын жер	45
Атбасар – место, где можно остановить коня	45
Байдалы көлі туралы аңыз	45
Легенда об озере Байдалы	46
Бурабай	47
Бурабай	48
Ерейментау	49
Ерейментау	49
Құланөтпес	50
Куланотпес	50
Оқжетпес	50
Оқжетпес	51
Шоқан Уәлиханов	51
Ыстықкөл сапарлары күнделігінен	51
Бақалы	51

Торайғыр тауы	52
Қарқара өзені	52
Санташ асуы	52
Қарауыл Қанай би	52
Ақтайлақ би мен Қанай шешен	53
Саққұлақ шешен	54
Саққұлақ шешен мен Шоқан	55
Абылай хан... Ақ атан (Жырдан үзінді)	57
Олжабай батыр (Тарихи аңыз)	59
Қалмақан Әбдіқадыров	60
Балуан Шолақпен кездесу (<i>Үзінді</i>)	60
Қосымша әдебиеттер тізімі	63



**Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті балалар!

Осы жылдан бастап жаңа «Өлкетану» пәнін оқисыңдар.

Өлкетану – елдің аудан, облыс, қала, кент секілді белгілі бір әкімшілік бөлігін зерттейтін білім саласы. Бұл зерттеулерде тарих, география, этнография, геология және басқа да ғылымдардың деректері қолданылады. Сондықтан өлкетану сабақтары Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, музыка, география пәндерінің курсына қосылған.

Келесі үш жыл бойы туған өлкеміз – Ақмола облысы туралы көптеген жаңа әрі қызыққа толы деректерді ашасыңдар. Үш бөлімнен тұратын және электрондық қосымшасы бар оқулық сендерге үлкен қолғабыс болады. Оқулықтың әрбір бөлімі Ақмола облысының ақын-жазушыларының шығармаларымен таныстыратын хрестоматиямен қамтылған.

5-сыныптағы тарих сабақтарында туған өлкенің тарихи тұлғалары – би, батыр, балуандары туралы білетін боласыңдар. Өлкенің аңыз-әңгімелері, халық батырларының ерліктері туралы оқып, тарихи, мәдени және табиғат ескерткіштерімен танысасыңдар. Саяхат-сабақтар кезінде музейлердегі жәдігерлерді тамашалап, өлкенің археологиясы, этнографиясы және тарихына тамаша шолу жасайсыңдар. Музыка сабағында өлкеміздің бай музыкалық мұрасы туралы білетін боласыңдар.

Туған өлкеміздің тарихын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білу – әр адамның парызы. Әрбір азаматқа өз отбасы, өлкесі және Отанының тарихын білу өте маңызды.

Бұл оқулық Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының ықпалымен жарық көрді. Оқулық қажетті жаңа білім игертіп, Отан сөзінің мәнін терең ұғынуға көмектеседі деп сенеміз.

Авторлар

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ


§ 1. Туған өлкенің аңыз-ертегілері

Ертегі болмаса да хатта қалған,
Аузында шежіренің қартта қалған.
Қарттардың баян қылған әңгімесін
Есіткен кейінгілер жаттап алған.

*Сәкен Сейфуллин.
«Көкшетау» поэмасы*



1. Туған өлке тарихын білу не үшін қажет?
2. Туған өлкелерің жайлы аңыз-әңгімелер білесіңдер ме?
Білетін аңыздарыңды атаңдар.



Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында көрікті Көкше тауларын жырға қосқан.

Көкшетау таулары 35 километрге созылған тау тізбегінен тұрады. Тау тізбегінің өзі Оңтүстік және Солтүстік жоталарға бөлінген. Оның ең биік шыңы Көкше деп аталады. Ақмола облысының әкімшілік орталығы саналатын Көкшетау қаласының атауына осы таулар себеп болған.



Көкшетау тауы

Ақмола облысы Қазақстан Республикасының солтүстік-орталық бөлігінде орналасқан. Облыс аумағында Қазақстанның елордасы Астана қаласы орналасқан. Ол жеке әкімшілік-территориялық бірлік және республикалық маңызы бар қала болып табылады.

Әкімшілік-территориялық бірлік – мемлекеттің жеке бір аймағы.

Ақмола облысы жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігімен, мол астығы және пайдалы қазбаларымен танымал. Өңірде ауылшаруашылығы мен басқа да өндірістер жақсы дамыған. Облыс аумағында «Бурабай» және «Көкшетау» мемлекеттік табиғи ұлттық паркттері, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы бар.

Облыс батысында – Қостанай, солтүстігінде – Солтүстік Қазақстан, шығысында – Павлодар, оңтүстігінде Қарағанды облыстарымен шектеседі.

Ақмола облысы – ежелгі және орта ғасырлық тарихы бар, мәдени мұраға аса бай өлке. Оны әрбіріміз білуіміз керек. Жалпы өз ата-тегін, туған жерінің тарихы мен мәдениетін білу – әрбір адам үшін маңызды.

Әдетте тарихи оқиғалар жылнамаларда немесе халық ауыз әдебиетінің кейбір жанрларында көрініс табады. XIX ғасырға дейін білім алу, тіпті сауат ашудың өзі барлық адамдар үшін мүмкін бола бермеген. Алайда өз руының тарихын, өз мәдениеті мен дінін білуді әркім-ақ қалаған. Сондықтан да есте жоқ ескі замандарда, кітаптар мен тарихи әдебиеттердің әлі шықпаған кезеңінде, маңызды оқиғалар ауызша насихатталып, ауызша таратылған. Осылайша аңыздар мен әңгімелер дүниеге келген. Оларда тарихи шындық дәлме-дәл көрсетілген деуге болмайды, бірақ мұнда халық санасында сақтап қалуды керек еткен, бір кездері өмірде болған елеулі оқиғалар бейнеленген.

Біздің өлкеңіз тамаша жерлері жайлы да аңыздар мен әңгімелер көптеп кездеседі. Бурабай, Ерейментау, Зеренді мен Степняқтың тамылжыған табиғаты мен ормандарын, таңғажайып көлдері мен табиғаттың өзі тудырған тас мүсіндерін көрген адам бұл өлкелерге ғашық болары сөзсіз.

Сендер білетіндей, аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, немесе бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі, бір аймақта болған оқиғаның әңгімесі.



Орман бұлағы. Бурабай



Ерейментау



1. Аңыз сөзінің синонимдерін табыңдар.
2. Ақмола облысының көрнекті жерлері туралы қандай аңыздарды білесіңдер?

Жылнама – тарихи оқиғалардың әдеби жазбасы.
Әпсана – тарихи немесе аңыздық сипаттағы әңгіме.

Өлкеміздің ең таңдаулы жерлерінің бірі – «*Бурабай*» мемлекеттік табиғи ұлттық паркі. Таулар мен ормандар қоршаған он төрт көрікті көл – бұл жердің басты сәні. Табиғаттың өзі тудырған бұл тамаша ескерткіштер талай ақынның поэмалары мен өлеңдеріне, халықтың аңыздары мен әңгімелеріне арқау болған.

Көкше тауы жайындағы аңыз

Көкше тауы бірінен соң бірі орналасқан үш шыңның, үш апалы-сіңлілінің анасы саналады. Ол жайлы аңыз былай толғайды: бұл есте жоқ бағзы заманда болған деседі. Ол кезеңдерде туған жерді, отбасын қорғауға жасы да, кәрісі де жан аямай қатысқан екен. Оқжетпес пен оның үш қарындасы да бұл істен шет қалмапты. Олар барда жау Көкшетау мекеніне аяқ басуға қаймыққан деседі. Алайда бір күні қисапсыз жау әскері ауыл мен көшке кенеттен шабуыл жасайды.

Қарсы келген жаумен Оқжетпес пен оның қарындастары жан аямай ұрысқа түседі. Бірақ қарсы күштер тең емес еді. Сонда олар жаудың жолын кес-кестеп, тізілген қалпында тауға айналыпты. Қас батырларды өлім жеңсе де, туған жерде мәңгілікке тас боп орнап қалған екен. Бірінші шың – үлкен әпкесі, екінші – ортаншысы, үшінші – ең кішісі. Ал олардан әрірек ағалары – маңғаз Оқжетпес орныққан.


Жергілікті халық Бурабайдың шың-құздарының барлығына дерлік атау берген. Мұндағы әрбір тас мүсін, көл, орманның өзіндік аңызы бар.



Көкше тауы



1. Қалай ойлайсыңдар, туған өлкелеріңнің тарихын қандай дереккөздерден білуге болады?
2. Тарихи мұра, мәдени мұра сөз тіркестерін қалай түсінесіңдер?



Оқжетпес

Оқжетпес шыңы – Әуликөл көлі (Бурабай) жауһарларының бірі. Бұл шыңға арналған он алты аңыз бен әңгіме белгілі.

Оқжетпес шыңы жайындағы аңыз

Ұлы далаға қызыққан монғол, жоңғар, қалмақ әскерлері елдің құтын қашырып, үнемі шабуыл жасап отырған. Аяусыз жау ауылдарды тонаған, малдарын айдап, ерлер мен балаларды өлтірген, әйелдері мен қыздарын тұтқынға алып, күндікке әкеткен.

Орта жүздің айбынды ханы Абылай жауға тойтарыс беріп, Ұлы Дала елі жаудан қаймықпай, өз абыройы мен туған жерін қорғап қала алатындығын сан рет дәлелдеген. Сондай қарымта шабуылдардың бірінде Абылай хан қалмақ қолын ойсырата жеңіп, еліне аса мол олжамен оралады. Бұл олжаны хан Абылай көл жағалауындағы көлеңкелі шыңдардың бірінің етегінде шай-

қасқа қатысушылармен бөліске салмақ болады. Олжа барлығына теңдей бөлінеді. Алайда тұтқындардың арасында жауынгерлердің әрбірі өзіне жар етіп алғысы келген бір сұлу қалмақ қызы болады.

Қалмақ қызын өзіне алғысы келген жауынгерлердің таласы Абылай ханды ойға қалдырады. Өз жауынгерлерінің бірін де ренжіткісі келмеген әрі қалмақ қызының өзін де күштегісі келмеген хан таңдау еркін қыздың өзіне береді.

Дана Абылайдың ақылына құлақ асқан қалмақ қызы әскер орныққан шыңның ұшар басына шығып, онда өзінің ақ орамалын тігіп, былай дейді:

– Атыңдар, жігіттер! Кімнің оғы осы таудың шыңына жетсе, соған тұрмысқа шығамын!..

Жігіттер ұзақ таласқа түседі, талай оқ шығын болады. Алайда бірде-бірінің оғы шың басына жетпейді.

Амалдары таусылған жауынгерлері мен қасарысқан қалмақ қызына ашуланған Абылай хан қыздың шың басынан түсуін бұйырады.

Алайда қалмақ қызы Абылай ханның әмірін құп алмайды. Ол өзінің осы шың басында ғана азат әрі еркін екендігін жақсы түсінетін. Сондықтан шарасыздықтан соңғы шешімін қабылдайды: биік шыңның басынан айнадай жарқыраған Әуликөлге (Бурабай) өзін-өзі тастап жібереді...

Жеке батыр тауы жайындағы аңыз

Қазақ ауылдарының бірінде теңдессіз күші мен ержүректігі аңызға айналған батыр өмір сүріпті. Ол соңынан әскер ертпей, үнемі жалғыз жүреді екен. Сондықтан оны ел Жеке батыр атапты. Батыр тауға ұқсаған қапсағай денелі екен. Оның садағынан атылған оғы да жауды шақырым жерден жайрататындай үлкен болыпты.

Күндердің бір күнінде бұл мекенге тұтқиылдан есепсіз көп жау әскері шабуыл жасайды. Әлі ешкім көріп, естімеген шайқас басталады.

Батырдың сауытын жай оқпен бұзып өту мүмкін еместігін білген жау ерекше оқ дайындаған екен.



Топқа бөлініңдер. Әр топ оқылған аңыз-әңгімелерден эпитеттер мен теңеулердің, ауыспалы мағыналы сөздердің мысалдарын неғұрлым көбірек келтіруі керек.



Көрікті Бурабай өлкесі туралы өзге де аңыз-әңгімелермен электрондық қосымшада таныса аласыңдар.



Жеке батыр

Ол шайқаста жау әскерінің талай жауынгері жер құшады. Алайда олардың саны қайта-қайта толысып, Жеке батырды қыспаққа ала түседі. Өздерінің алып садақтарынан оқ жаудыруды да тоқтатпайды. Қаумалаған көп жау ақыр соңында Жеке батырды жаралайды. Сорғалап аққан қанды таңып берер бірде-бір жан табылмайды. Жеке батыр сонда да шайқасты тоқтатпайды. Түндер күнмен алмасып жатты, батыр күресін сонда да жалғастырды... Күшінің әлсіреп, қалжырағанын сезген батыр бойындағы ақырғы күшін жиып: «Туған мекеніме жау аяғын бастырмаймын! Мейлі тау боп орнайын, бірақ бірде-бірінді өткізбеймін!» – деп айғай салады. Сөйтіп батыр қос таудың ортасын жалғай, алынбас камал боп қатады. Содан бері батыр елінің тыныштық сақшысы ретінде тау боп орныққан деседі.

«Көкшетау» поэмасында Сәкен Сейфуллин бұл образды былайша елестетеді:

*Болыпты баяғыда Жеке батыр...
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйықтап жатыр.
Сол батыр осы күні бір үлкен тау,
Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
«Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын,
Адамша көлбеп жатқан қыры үлкен тау.
Батырдың қырыққа таяу келген жасы,
Денесі биік жота, таудай басы,
Сақалы төсін жапқан, қыр мұрынды,
Киюлі баста жатыр дулығасы.*

Осы аңыздардың барлығында қазақ халқының еркіндік сүйгіштігі, туған елді шетжерлік басқыншылардан қорғау әңгімеленеді. Аңыздар арқауында отанды сүю және ата-бабалардың болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі туралы терең ой жатыр.



1. Көкше, Жеке батыр тауларына қатысты аңыздардың негізгі тақырыбы қандай?
2. Қалай ойлайсыңдар, оларда қандай тарихи оқиғалар көрініс тапқан?

Өлкеміздің өзге де жерлерінің қай-таланбас табиғат ескерткіштері мен өзіндік тарихы бар. Олар жайлы ғажайып аңыздар ел жадында сақталып қалған.

Ерейментау – Ақмола облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Қазақстанның елордасы Астана қаласына таяу маңда, орналасқан қала атауы. Ерейментаудың жануарлар әлемі өзінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мұнда арқар, сібір елігі, қасқыр, түлкі, ақкіс, қоян, сарышұнақ, сұр және ақ шіл, шәукілдек, қаз, бізқұйрық үйрек және тағы да басқа дала, орман және тау жануарлары тіршілік етеді. Ерейментау аумағынан түркілік тас мүсіндер, сақ ескерткіштері, тас және қола дәуірінің қорымдарын кездестіруге болады.

Ерейментау жайындағы аңыз

Ерейментау (ең биік шыңы 893 м) атауының шығу тарихы XVIII ғасырдағы қалмақ-қазақ соғысы кезеңіндегі аңыздармен байланыстырылады. Жекпе-жек кезінде қазақтың батыры қалмақ батырын жеңіп, аттан сұлатып түсіреді. Қалмақ қаза табады, ал оның мініп келген аты ешкімді маңына жолатпай мөңкіп, ерттеулі қалпымен босып кетеді. Мұны көрген адамдар: «Ерімен кетті! Ерттеулі кетті!» – деп айғай салады. Содан бері бұл таулар осылай аталып кетеді.

Зеренді – ауыл, Ақмола облысы Зеренді ауданының әкімшілік орталығы. Зеренді ауданының көп бөлігін Көкшетау мемлекеттік табиғи ұлт-



Сұнқар таулары. Ерейментау



Уәли ханның мазары.
Зеренді ауданы

тық паркi алып жатыр. Өңір сұлу табиғатымен, тарихи ескерткіш – мазарларымен танымал. Кенөткел ауылының маңынан қола дәуіріне жататын ежелгі тұрақтардың орны табылған.

Зеренді жерінен балбал тастар мен ескі тұрақтарды кездестіруге болады. Ең танымал мазарларға Уәли хан және Ақан сері ән арнаған Балқадидша сұлудың кесенесі жатады.

Мазар – мола үстіне тұрғызылған сәулет ескерткіші.

Балбал – тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі, кейде жай ғана өңделген тас баған түріндегі ескерткіш.

Зеренді атауының шығу тарихына қатысты аңыз-әңгімелер мен ғалымдардың болжамдары көптеп кездеседі. Мәселен, солардың бірінде *зеренді* сөзі осы өңірде өсетін шөптің түсін білдіреді деп саналады. Сондықтан осы маңдағы тау мен өзен де аталған дала шөбінің атауын иеленген-міс. Сонымен бірге көлдің суы да шөп түсіне байланысты бірде қою көк, енді бірде көкшіл-қызыл, ал енді бірде бояғыш зат қосылғандай ала-кұла болып тұрады. Ежелгі дәстүр бойынша көлдер суының түсіне байланысты да аталатын болған.

Ал бұл атаудың шығуына қатысты аңыз басқаша толғайды.



Балқадидша ескерткіші.
Зеренді ауылы

Зеренді жайындағы аңыз

Бұл оқиға ескі замандарда орын алса керек. Бір жас жігіт көрші ауылдың сұлуына ғашық болыпты, қыз да оны сүйген екен. Алайда жігіт кедей болыпты. Әке-шешесі қыздарын ауқатты адамға тұрмысқа бергілері келіп, екі жастың қосылуына қарсы шығады. Сонда қос ғашық қашып кетуге бел буады. Қыз бен жігіттің жоқтығы тез аңғарылып, қуғыншылар сондарынан іздеуге аттаныпты. Қуғыншылардан жасырынбақ болған қыз қашып бара жатып шешесі сыйлаған білезігін жолға лақтырып жіберген екен. Сол кезде білезік жарқырап, ғашықтардың жолына жарық беріпті де, білезік түскен жерде көл пайда болыпты. Қуғыншылар ғашықтарға жете алмай, көлдің арғы бетінде қалыпты. Содан

бері бұл көл «зерен» деген білезік атауына байланысты Зеренді атанады. Мұқият қарайтын болсақ, көл білезік сияқты дөңгелек, ал оның суы қос ғашыққа жол көрсеткен жарық сияқты мөп-мөлдір әрі таза екендігін байқаймыз.



Зеренді көлі



Өлкеміздің өзге де аңыз-әңгімелерімен электрондық қосымшада таныса аласыңдар.



Өткен ұрпақтың тарихи және мәдени мұрасының қазіргі кездегі мәні, маңызы туралы эссе немесе шығарма (таңдау бойынша) жазыңдар.



1. Қай аңыз ерекше ұнады? Неліктен?

2. Аңыздың жанр түрі ретіндегі сипаттамасын атаңдар.

3. Жоспар бойынша аңызға талдау жасаңдар:

1. Шығу тарихы (аңыз-әңгіменің шамамен пайда болған уақыты).
2. Бағыты, жанры.
3. Тақырыбы мен көтеретін мәселесі (негізгі тақырыптары мен мәселелері).
4. Идеясы мен пафосы (идеялы-эмоционалды бағалау).
5. Басты қаһармандары (образ жүйесіндегі олардың орны).
6. Сюжеті мен композициясы.
7. Көркемдік ерекшелігі:
 - а) портрет;
 - ә) пейзаж;
 - б) көркемдік бөлшектері;
 - в) поэтикалық көркемдеуіш құралдар;
 - г) шығарманың тілдік ерекшеліктері.

§ 2. Айналамыздағы тарихи ескерткіштер



Өздерің тұратын елді мекенде қандай ескерткіштер бар? Олар қандай тарихи оқиғалармен байланысты?



Абылай хан ескерткіші.
Көкшеғау қ.



Туған өлкелеріңнің қандай да бір тарихи ескерткіші туралы ауызша әңгіме құрастырыңдар. Сыныптастарыңа айтып беріңдер.

Ақмола облысы – ескерткіштерде көрініс тапқан тарихи оқиғаларға бай өлке.

Тарих және мәдениет ескерткіштері – қандай да бір тарихи оқиға немесе тұлғаны және т. б. мәңгі есте сақтауға арналған нысандар. Олардың тарих, археология, сәулет өнері тұрғысынан құндылығы бар. Ескерткіштер – замана куәгерлері, өркениет пен мәдениеттің пайда болып, дамуы туралы құнды дерек көзі.

Ескерткіштер *археология, тарих, сәулет және мүсін өнері ескерткіштері* болып бөлінеді.



Көкше тауының баурайы.
Абылай хан алаңында орнатылған стела

Тарихи ескерткіштер мемлекет қорғауында. Ақмола облысында бұл маңызды жұмысты тарихи-мәдени мұраны пайдалану және қорғау орталығы іске асырады. Орталық ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етіп, күзет-қорғау жұмыстарын жүргізеді.

Археологиялық ескерткіштерге тұрақтар, қала орындары, обалар, ескі қоныстардың жұрты, ескі оба-

лар, тас мүсіндер жатады. Тасқа қашалып бейнеленген суреттер де ежелгі адам өмірі мен тіршілігінің куәгерлері саналады.

Ақмола облысында 1000-нан астам археологиялық ескерткіш ашылған. Олар: неолит дәуіріндегі тұрақтар, қола дәуіріндегі қоныстар мен ерте темір дәуірінің қорымдары.

Біздің облыста тас дәуірінің көптеген тұрақтары анықталған. Олардың көпшілігі неолит дәуіріне жатады. Осындай тұрақтардан ғалымдар тастан жасалған жебе мен найза ұштарын, қырғыштар мен пышақтар және т. б. тапқан.

Красный Яр (Қызылжар) қонысы Көкшетау қаласы маңында орналасқан. Бұл ескерткіш ботай мәдениетіне жатады. Археологиялық зерттеулер кезінде ғалымдар осы қоныстан энеолит дәуірінде жылқыны қолға алғаш үйретушілер саналатын ботайлықтар өмірінің әртүрлі қырларын анықтады. Археолог ғалымдар осы қоныста 1986–1987 және 2001–2002 жылдары зерттеу жұмыстарын жүргізген.



Ботай мәдениеті қонысының реконструкциясы



Көптеген тұрақтар мен қоныстар Есіл, Шағалалы, Жабай, Қалқұтан және т. б. өзендердің бойында орналасқан. Неліктен археологтар ескерткіштерді өзендер бойынан тауып жатады?



Неолит тұрағында жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулер



Неолит тұрағынан табылған тас заттар



Қола дәуірі обалары.
Зеренді ауданы



Өздерің тұратын аудан, қала, ауылдағы ескерткіштер туралы ақпарат жинастырыңдар.

Ақмола облысының территориясындағы археологиялық ескерткіштерді Кемел Ақышев, Әбдіманап Оразбаев, Геннадий Зданович, Виктор Зайберт, Марал Хабдуллина және басқа да археологтар зерттеген. Олардың табанды еңбегінің арқасында Ақмола облысында мыңнан астам археологиялық ескерткіш ашылған.



Жиналған ақпарат негізінде төмендегі тізім бойынша бір ескерткіш туралы хабарлама дайындаңдар:

1. Пайда болу тарихы.
2. Ескерткіштің бірегейлігі.
3. Ескерткіштің тарихи маңызы.

Антропоморфты – адам тәрізді, адамға ұқсаған.

Обалар – үстінде үйіндісі бар, шұңқырда жерленген немесе тегіс жерге қойылған қабірлер. Олардың бір түріне таспен қоршалған кішірек обалар жатады. Ерте темір ғасырының ортанғы кезеңінде «мұртты» обалар тұрғызылған.

Ақмола облысында осындай көне қабір-қорымдар көптеп кездеседі. Олар қола, темір және орта ғасырлардан қалған.



Алғашқы темір ғасырының обасы.
Біржан сал ауданы

Тас мүсіндер (балбалтас) – жауынгерлер бейнесі, биіктігі 1 м-ден 4 м-ге дейін жететін антропоморфты тас мүсіндер. Мұндай ескерткіштер Ақмола облысының Ерейментау және Зеренді аудандарынан табылған. Бұл археологиялық ескерткіштер мемлекеттің қорғауына алынған.



«Құмай» кешеніндегі балбалтастар.
Ерейментау ауданы

Тарихи ескерткіштер – халықтың өткен тарихы, қоғам мен мемлекеттің дамуымен тығыз байланысы бар заттар, ғимараттар мен құрылыстар және басқа да көрікті жерлер.

Ақмола облысындағы маңызды тарихи ескерткіштер республикалық киелі жерлер картасына енгізілген. Бұл ескерткіштер: Ерейментау ауданындағы «Құмай» ескерткіші, Олжабай батыр қабірі; Бурабай ауданындағы Абылай хан тағы, Оқжетпесті тауы, Кенесары үңгірі; Целиноград ауданындағы Қабанбай батыр кесенесі; Науан хазірет есімімен байланысты аталатын кешендік нысандар, Қорғалжын ауданындағы Беспақыр мазары, Ботағай кесенесі; Жақсы ауданындағы Баубек батыр мазары.



Тың игерушілерге арналған ескерткіш.
Атбасар қаласы

Ақмола облысында 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру басталды. Бұл еліміздің өмірлік қажеттілігінен туындаған тарихи оқиға болатын. Ақмола облысы аумағында жаңа ауылдар мен селолар пайда болды. Осы оқиғаны есте сақтау үшін ең алғаш жер жыртқан тракторлар ескерткіш ретінде сақталған.



Табиғат тудырған тарихи ескерткіш.
Кенесары үңгірі.
Бурабай ауданы

Ақмола облысында Ұлы Отан соғысына арналған ескерткіштер көп. Солардың бірі – Даңқ обелискі. Ескерткіш биіктігі 19 метр болатын жұлдыздан, жартылай шеңбер пішініндегі екі қабырғадан тұрады. Бұл қабырғаларға Ақмола облысында туған батырлардың портреттері, орталық бөлігінде жауынгердің мүсіні орнатылған. Ескерткіштің алдындағы Мәңгі алау мәрмәрдан жасалған.



Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза тапқан жерлес жауынгерлер құрметіне қойылған Даңқ ескерткіші.
Көкшетау қаласы



Атбасар қаласындағы
тарихи-өлкетану музейі ғимараты,
Сәулет ескерткіші

Сәулет өнері ескерткіштері – азаматтық, тұрғынжай, мәдени, халықтық сәулет өнерінің ғимараттары мен құрылыстары. Олардың кейбірі табиғатпен тұтастырылып салынған. Ескерткіштердің барлығы халықтың тарихы, елдің, қоғамның дамуымен ажырамас байланыста. Бұндай ғимараттар бірегей тарихи-мәдени құндылық болып табылады.

Ақмола облысында 59 сәулет және қала құрылысы ескерткіштері тіркелген.



Ботағай кесенесі.
Қорғалжын ауданы.
Тарих және сәулет ескерткіші




Қызылтам кесенесі.
Жарқайың ауданы.
Тарих және сәулет ескерткіші



Көкшетау қаласының тарихы музейі,
Сәулет ескерткіші

Маңызды тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғаларды мәңгі есте сақтау үшін олардың құрметіне *мүсін өнері ескерткіштері* орнатылады.

Ақмола облысында мүсін өнерінің 70-тен астам ескерткіші орналасқан. Олар мемлекет дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлғалар, Отан қорғаған батырлар, мемлекет және мәдениет қайраткерлері, ғалымдардың өмірі мен қызметіне арналып орнатылған.



Бөгенбай батыр ескерткіші.
Ерейментау қаласы



Кенжебек Күмісбеков ескерткіші.
Қорғалжын ауылы



Шоқан Уәлиханов ескерткіші.
Көкшетау қаласы



Мүсін өнерінің қандай ескерткіштерін білесіңдер? Олардың әрқайсысы ненің белгісі іспеттес?

Көкшетау қаласындағы көптеген мүсін ескерткіштерінің авторы – мүсінші Төлеген Досмағамбетов.



1. Сабақ барысында ескерткіштер туралы жаңадан не білдіңдер?

2. Неліктен ескерткіштер тарих, археология, сәулет өнері тұрғысынан құнды болып табылады?

§ 3. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен балуандар



Тарихи тұлғаларды білесіңдер ме? Олардың елге сіңірген еңбегі қандай? Олар халық құрметіне не себепті бөленген?

Ақмола аймағында дүниеге келген көптеген тұлғалар еліміздің тарихында өшпес із қалдырды. Өз Отанына риясыз қызмет еткен хандар, билер, батырлар, балуандардың ерлігі, батылдығы, табандылығы кімге де болса үлгі бола алады.

Абылай хан (шын аты – Әбілмансұр) (1711–1781) – аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы және көреген саясаткер. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқын басқыншыларға қарсы біріктіре білген.

Абылай хан – XVIII ғасырдағы қазақ тарихының негізгі тұлғасы, жаңа заман дәуіріндегі Орталық Азияның ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі.

Жоңғарлармен болған бір шайқас кезінде Әбілмансұр Қалдан Сереннің мұрагері Шарышты жеңген. Сол шайқаста Абылай атасының есімін ұрандап, жауына тап береді. Шайқастан соң Әбілмәмбет хан одан: «Неге Абылайлап ұран салдың?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Өз атым – Әбілмансұр, мен қанішер атанып кеткен Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болатын атамның атын шақырғаным – жолым болар ма дегенім ғой», – дейді. Сол орында-ақ Әбілмәмбет оған атың «Абылай» болсын депті. Сол кезден бастап осы есіммен халық арасына таныла бастаған.



Абылай хан портреті. А. Дүзелханов

Өзінің қолбасшылық қабілеті мен ұйымдастырушылық дарынының арқасында батырлардың қолдауымен Көкшетаудың етегін мекендеген мықты рудың сұлтаны болып сайланады. Осы сәттен бастап Абылай сұлтан үш жүздің қазақтарын біріктіру үшін тынымсыз еңбек етеді.

Саяси қызметінің басынан-ақ Абылай өзін ақылды әрі алғыр билеуші ретінде таныта білді.

Саяси қызметінің басынан-ақ Абылай өзін ақылды әрі алғыр билеуші ретінде таныта білді.

1771 жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жиналған көп халықтың қолдауымен Абылай қазақ ханы болып сайланды. Абылай хан билігінің соңғы жылдарында қазіргі Қазақстанның едәуір бөлігіне де өз билігін жүргізген.

Бөгенбай батыр (1680–1778) – ұлт қаһарманы, қазақтың ұлы қолбасшысы, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ әскерін басқарған.

Орта жүздің арғын тайпасы қанжығалы руынан шыққан. Бөгенбай Тәуке хан әскерін басқарған сардар Ақша батырдың отбасында дүниеге келген.


Батырлығы мен ғажайып қолбасшылық дарыны арқасында Бөгенбай үлкен құрметке бөленіп, ерлігі ел аузында аңызға айналып кеткен.

Бөгенбайдың жоңғарларға қарсы қатысқан шайқасы 100-ден асады. Батыр Бөгенбай қазақ халқының Абылай бастаған ұзақ жылдарғы ұлт бірлігі үшін күресінің ұйтқысы болды. «Аңырақай шайқасында» Орта жүз қолын басқарған Бөгенбай батыр Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Ер Жәнібек және т. б. тізе қоса отырып, қазақ елінің тұтастығын сақтап қалуда ерекше ерлік көрсетті. Бөгенбай Жайық, Жем, Ойыл өзендері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы, Жетісу өңірі, Қырғыз жерлеріндегі және т. б. шайқастарда қол бастаған. 1756–1758 ж.ж. қытай әскерімен болған соғыста жау әскеріне ойсырата соққы береді.

Хан – түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында, мемлекет басқарған адамның лауазымы.



Бөгенбай батыр



Астана қаласындағы
Бөгенбай батыр ескерткіші



Қанай бидің портреті.
Д. Қоспанов

Батыр – соғыс өнерін терең білетін, жауға қарсы соғыста айбын көрсеткен қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы мұраға қалдырылмаған, әрбір адам жеке өзі ерлік көрсеткенде ғана ие болған. Қазақ халқы батырларды көне заманнан құрметтеген.

Би – қазақ қоғамындағы қатынастарды реттеуші адамға халық берген атақ. Қандай болмасын мәселе туындаса, дау шықса, оларды шешу үшін халық биге жүгінген. Би әділ шешім шығаруға міндетті болған. Сол шешімді халыққа түсінікті жеткізу үшін билер шешендік өнерін жетік меңгерген. Олардың айтқан терең мағыналы сөзі ел аузында қалған.

Бөгенбай белгілі бітімгер, мәмілегер де болған. XVIII ғасырдың 30–40-жылдары Бөгенбай батыр көрші елдермен келіссөздер жүргізу мәселесіне етене араласқан.

Ол Абылай ханның Қытайға жіберген елшілігін басқарып, екі елдің арасында бейбіт қарым-қатынастың орнауына үлес қосады.

Ерейментау өңіріндегі Торғай өзенінің жағасында дүниеден өтіп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Бөгенбай батырдың есімі Астана қаласында даңғылға, Қазақстан қалалары мен аудан орталықтарындағы көшелерге берілген. Ерейментау қаласындағы тарихи-өлкетану музейі Бөгенбай батырдың атында.

Қанай Құттымбетұлы, Қарауыл Қанай (шамамен 1695–1780) – би, шешен, батыр, Абылай ханның кеңесшісі, қоғам қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қарауыл руынан. Зеренді аймағында туған. Қанай батыр жоңғарларды талқандауға үлес қосқан қолбасшы болған. Көкшетаудың баурайында хан сайланған Абылайды ақ киізбен көтерген алты бидің бірі.

Ташкент қ. бегі (басшысы) болған Қанай Құттымбетұлы 1780 ж. сол қалада дүниеден өтеді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген.

Бір аста өзбектің бір бегі Қанайға: – Жігіт деген кім, мігіт деген кім, ас деген не, мас деген не, ат деген не мат деген не? – депті.

Жауабын ас ішкеннен кейін беруге уәделескен Қанай түрлі жеміске қарап отырып:

– Біздің қазақ жал-жая, қазы-карта, жамбасты «ас» дейді, мына сияқты дәмді «мас» дейді. Күресте жеңгенді «жігіт», жығылғанды «мігіт» дейді. Бәйгеде озған атты «ат», жеңілгенін «мат» дейді, – депті.

Халық жадында Қанай Құттымбетұлы сөзді бағалай білген дана әрі әділ би ретінде қалған. Зеренді ауданының ауылы бидің есімімен аталып, арнайы ескерткіш қойылған.

Олжабай Толыбайұлы (Төлебайұлы) (1709–1785 (кей деректерде 1783), Ақмола облысы Ерейментаудағы Сілеті өзені бойы) – жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақтың атақты батырларының бірі. Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары секілді батырлармен бірге жауға қарсы жорыққа қатысқан.

Орта жүздің арғын тайпасы сүйіндік руынан шыққан. Әкесі Толыбай – Тәуке ханның билерінің бірі, Олжабайдың арғы атасы Айдабол он үш жасында би болған.

Олжабай Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі («Ала ту» деген лақап атқа ие болған) ретінде 1735 ж. Түркістан мен Ташкентті жоңғарлардан азат ету жорығына, 1736 ж. Баянауылды Қалдан Сереннен босатқан шайқастарға, 1756 ж. қазақ жеріне басып кірген қытай әскерін талқандауға қатысқан. Оның ерлігінің ерекше көрінетін жері – Баянауыл баурайындағы қалмақтармен болған шайқас.

Олжабай есімі Орта жүзге ұран болған. Халық жырларында «Олжабайлап» жауға шапқанның жеңбейтіні болмаған.

Олжабай батыр халық жырларында жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне белсене қатысушы, халық қамқоршысы ретінде бейнеленеді.

Батырдың мазары қазіргі Ерейментау ауданының Олжабай ауылының маңында орналасқан. Бұл ескерткіш Қазақстанның қасиетті нысандар мен кешендерінің жалпыұлттық тізіміне енгізілген.

Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – мемлекет қайраткері, қолбасшы, қазақ халқының Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресінің жетекшісі, қазақтың соңғы ханы, Абылай ханның немересі.

Көкшетауда дүниеге келген. Жас кезінде өзінің көсемдігі, ұйымдастырушылық дарынымен көзге түскен Кенесары бауырлары мен құрдастарының арасында ерекшеленіп, ел құрметіне бөленген.



Олжабай батыр.
Ә. Игембаев салған портрет



Кенесары Қасымұлының портреті.
Ә. Ысмайылов этюдi

Кенесары Қасымұлының жетекшілігімен жүргізілген қазақтардың Ресей империясының үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы ХІХ ғасырда ұзаққа созылған көтеріліс болған. Бұл соғыс Орта жүзді толығымен, Ұлы және Кіші жүздің кейбір бөліктерін қамтыған.

1841 ж. қыргүйегінде Торғай өзенінің аңғарында үш жүздің өкілдері Кенесарыны барлық қазақтың ханы етіп сайлап, дәстүрге сай ақ киізге көтерді.

Сол жылы Кенесары сарбаздары Қоқан хандығына бағынған Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 жылы патшалық Ресей үкіметі Кенесары ханға қарсы соғыс

жорығын жүргізді. Кенесары ханның әскері Ресей әскері мен Ресейге жақтас сұлтандарға бірнеше рет ойсырата соққы береді.

Кенесары бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық соғысы 1844–1845 жылдары үдей түсті.

Дегенмен барлық қазақтың басы бірікпеді. Көтеріліс кезінде қазақтар карама-қарсы екі топқа бөлінді: бірі Кенесары жағында болса, екіншісі патшаның жүргізген саясатын қолдады.

1846 жылы Ресей жасақтары мен отаршыларын қолдаған қазақ сұлтандарының әскері Кенесарыны Кіші және Орта жүздер аумағынан ығыстырды.

Шегіне келе Кенесары қырғыз жеріне шегаралас Ұлы жүздің аумағына орналасты. Ханның келесі бағыты қырғыз халқын орыс отаршылдығына қарсы ортақ күреске көтеру болды, алайда ол манаптар тарапынан қарсылыққа тап болды.

Кенесарының тарихи еңбегі – қазақ халқының салт-дәстүрін сақтап, бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдыра білгендігі.

Астана қаласында Кенесары ханға ескерткіш қойылған және оның атымен аталатын көше бар.

Саққұлақ би (шын аты – Сәбден) (1800–1888) – атақты би, шешен. Қанжығалы Бөгенбай батырдың шөбересі. Жастайынан зерек өскен ол жеткіншек кезінде әкесі Бапан бидің қасында жүріп, шешендік өнерін игерген. Баласының дарынын көрген әкесі Сәбденге 15 жасында ұсақ дау-дамайларды шешуді тапсырған.

Ел аузында қалған аңыздардың бірінде жас Сәбден Орта жүзге аты мәлім Байдалы биді сөзден тосылдырған екен. Сәбденнің шешендігіне разы болған Байдалы:

– Япырым-ай, мына бала қайдағы мен есітіп білмеген сөзді айтты-ау, мен тозған екенмін, бұл озған екен. Сөзің уәжді, балам, сенің билігіңе тоқтадым. Олай болса, бұл дау аяқсыз болсын. Бала атқа қонсын. Тізгінді бердім саған. Бұдан былай сенің атың «Саққұлақ би» болсын, әумин! – деп, батасын беріпті дейді ел.

Саққұлақ бидің «Саққұлақтың Шоқанға берген батасы», «Ақыл туралы», «Төрт нәрседен қашық қыл», «Ғылым туралы» және т. б. шешендік сөздері бар. Оның шешендік нақыл сөздерінен елдік пен ерлік, ғылым, білім, жақсылық пен жамандық туралы терең философиялық ой-түйіндерді байқауға болады.

Наурызбай Қасымұлы (1822–1847) – батыр, Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Кенесары Наурызбайға көтеріліске қарсы жергілікті атқамінерлерді бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз етуді тапсырған. 1841 ж. Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Наурызбайдың сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген балуандығымен аты шыққан. Наурызбай 1847 ж.



Саққұлақ би кесенесі.
Ерейментау ауданы

І. Есенберлиннің «Қаһар» романынан:

«... Наурызбай білегіне дейін сыбанып түріп алған оң қолында бауыры қорғасын, бес батпан зілдей ауыр қара найзасын тудай көтере ұстап, астындағы сарғылт қылшықты ақбоз атын ойнақтата «Абылайлап!» шапқанда, жан қарсы келе алмайтын. Және зілдей қара найзамен ешкімді қос қолдап шанышп көрген емес. Оң қолында төрт жігіттің күші бар дейтін жұрт. Наурызбай асқан найзагер, заманында бұл соғыс қаруынан өзіне пара-пар келетін жан кездестірмеген. Және жауға шапқанда қабағы қарс жабылып, жүзінде ерекше қаһар пайда болатын. Ал жайшылықта Наурызбайдан ақжарқын жан жоқ».



Ақмола облысынан шыққан тарихи тұлғалардың бірінің (би, батыр, балуан) өмірі мен қызметі туралы ақпарат жинаңдар.



Балуан Шолақ ескерткіші.
Бұланды ауданы

Балуан (палуан) – күрес өнерін шебер меңгерген спортшы. Бұл сөз қазақ тіліне көне парсы тілінен енген, «пехлеван» деп ежелгі ирандықтар ақсүйек текті жауынгерлерді атаған.

Балуандықпен шұғылданған спортшы күрестің айла-әдістерін меңгеріп, шынығу мақсатымен зіл-батпан көтеріп жаттыққан. Балуандар күрес сайыстарына өз руының намысын қорғау үшін қатысып, атын әйгілеген. Жеңіске қол жеткізіп, елінің атын шығарған балуандар елқұрметіне бөленген. Балуандар жәрмеңкелерде, ойын алаңдарында ауыр заттарды, кірдің тастарын көтеріп те өнер көрсеткен.

тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан.

Балуан Шолақ (Нұрмағанбет Баймырзаұлы) (1864–1919) – халық композиторы, қазақтың күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген балуан, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген шабандоз. Қазіргі Ақмола облысы Бұланды ауданында туған. Күрес спортын жетік меңгерген хас батырдың өнеріне тәнті болған халық оның жас күнінде саусағынан айырылуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған. Балуан Шолақ күреске 14 жасынан қатысқан, шабандоздығымен көзге түскен. Көкшетау қаласында өткен бір жиында 51 пұт (830 кг-дай) кірдің тасын көтеріп, жұртты таң қалдырған. Балуан Шолақ Омбыда 1891 жылы Севр (Сібір) балуанды жеңіп, мерейі үстем болады. 1899 жылы 35 жасында орыс балуаны Иван Кореньмен (өз айтуында – Каронмен) күресіп, қабырғасын сындырған. Осы оқиғаны өзі де жырлап кеткен:

Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Жиналып орыс, қазақ таң қалысты,
Болды деп Қаһарманнан мынау басым.

Залог сап 75 сом күрескенде,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.

Балуан Шолақ 1919 жылы наурыз айының орта шенінде қайтыс болған. Әнші, балуанның өмірі туралы жазушы Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» атты кітабы жарық көрген. Ал-

маты қаласындағы Орталық Спорт сарайы Балуан Шолақ есімімен аталады.

Қажымұқан Мұңайтпасов (1871–1948) – әйгілі қазақ балуаны, классикалық күрестің хас шебері, бірнеше дүркін әлем чемпионы.

Ақмола облысындағы Қараөткел ауылында дүниеге келген. Қажымұқан күрес алаңына 20 жастан бастап шыққан. 1909 ж. француз күресінен Гетеборг (Швеция) қаласында өткен әлем чемпионатында он алтын медальді иеленіп, қазақтан шыққан алғашқы әлем чемпионы атанды.

Қажымұқан Оңтүстік Америка қалаларына сапарында сәтті өнер көрсетіп, Аргентина астанасы Буэнос-Айресте алтын медальмен марапатталады.

1944 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарында соңғы рет өнер көрсетіп, жиналған 100 мың сом қаражатты КСРО Қорғаныс қорына өткізген. Қажымұқан өз атынан Қызыл Әскерге ұшақ (У-2 ұшағы) сыйлауды өтінген. Ұшаққа қазақ халқының батыр ұлы Амангелді Имановтың есімі берілген.



Қажымұқан Мұңайтпасов.
Фотосуретші Карл Булла.
Петербург. 1912 ж.



Тарихи тұлға туралы жиналған ақпарат негізінде (29-беттегі тапсырма) таныстырылым мен хабарлама дайындандар. Дайын жұмысты сынып сағатында немесе сабақта таныстырыңдар.



Өлкенің батырлары туралы топтық баяндама дайындандар. Онда аты аталған батырлардың туған жер тарихына кездейсоқ еңбегенін дәлелдендер.



1. Хан, батыр, билердің қызметін не біріктіреді?
2. Абылай хан ел тарихында қандай із қалдырды?
3. Ерлік сөзін қалай түсінесіңдер? Қалай ойлайсыңдар, батырлар қандай ерекше қасиеттерге не болған?

§ 4. Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейін тамашалау)



Сендер музейде болып көрдіңдер ме? Музейде не ұнады? Қандай музейлер туралы білесіңдер?



Лувр (Франция) – әлемдегі ең ірі және ең танымал көркем музейлердің бірі



Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Астана қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – еліміздегі ең ірі музей. Ғимараттың алаңы 74 000 м², экспозициялар алаңы 14 095 м², қорларының алаңы 8 000 м² құрайды.

Музей – тарих және мәдениет үшін маңызы бар заттарды жинап, оларды зерттеп, сақтап және көрсетумен айналысатын мекеме. Сондай-ақ музейлер ағарту ісімен де айналысады.

Алғашқыда *музей* түсінігі өнер және ғылым саласындағы заттарды (жәдігерлерді) жинау дегенді білдірді. XVIII ғ. бастап жәдігерлер орналасқан ғимарат та музей атана бастады.

Ақмола облысында 11 музей жұмыс істейді, оның 4-і Көкшетау қаласында, қалғандары аудандарда орналасқан.



Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі – облысымыздың бас музейі

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі – аймағымыздың алғашқы мәдени мекемелерінің бірі. 1920 жылы Көкшетау тарихи-өлкетану музейі ретінде ұйымдастырылған.

Мұнда облыс аумағының тарихы, археологиясы, этнографиясы, табиғаты мен мәдениетіне қатысты ерекше мұралар сақталған. Олардың ең үздіктері экспозициялық залдарда қойылған.

Музейдің негізгі түрлері



Этнография – халықтар мен этностарды, олардың өмір тіршілігі мен мәдениетін зерттейтін ғылым.



Музей жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылатын экспозициялық залдардан және сол жәдігерлер сақталатын қордан тұрады.

Облыстың тарихи-өлкетану музейлерінің қоры Қазақ елінің мемлекеттілігінің сан ғасырлық тарихы мен күш-қуатын, мәдениетінің бірегейлігін танытатын ұлттық мәдениет қоры болып табылады.

Облыстық музей қорында қазақ халқының материалдық мәдениетінің озық үлгілері мен терең тарихының куәгерлері сақтаулы.



Іздеу жүйелерін пайдалана отырып, ғаламторда Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің сайтың тауып, сол сайтқа кіріңдер. Сайттың бастапқы бетінде 3D-саяхат сілтемесін ашып, музей ішін виртуалды аралаңдар.



Тарих үшін музейлердің маңызы қандай?

Экспозиция – көрсетілімге қойылған тарих, өнер жәдігерлері.



М. Ғабдуллин музейінің ғимараты.
Көкшетау қаласы

Тарихи музейлерге атақты адамдарға және маңызды тарихи оқиғаларға арналған мемориалды музейлер жатады.

Мұндай музейлер қатарына Көкшетау қ. Мәлік Ғабдуллин және Атбасар қ. Ілияс Есенберлин музейлері жатады.



І. Есенберлин музейінің ғимараты.
Атбасар қаласы

Ақмола облысының Атбасар, Степногорск, Щучинск, Ерейментау қалаларында және Мариновка ауылында тарихи-өлкетану музейлері бар. Сондай-ақ Көкшетау қаласының, Бұрабай кентінің тарихы музейі, әдебиет және мемориалды музейлер бар.



Щучье тарихи-өлкетану музейінің ғимараты

Тарихи, тарихи-өлкетану музейлерінде, әдетте, мемлекеттің, өлкенің тарихы, табиғаты және мәдениетімен байланысты жәдігерлер қойылады. Олар археологиялық қазбалар кезінде табылған бұйымдар немесе еліміздің дамуына үлес қосқан қайраткердің белгілі бір заттары болуы мүмкін.

Әдебиет музейлерінің жәдігерлеріне өнер туындылары жатады.



Көкшетау қ. әдебиет және өнер музейінің экспозициясы

Жәдігер – музей немесе көрмелерде көпшіліктің назарына ұсынылатын музей заты. Өнер туындылары, құжаттар, артефактілер, техникалық бұйым модельдері, тарихи оқиғалардың иллюстрациялары және т. б. жәдігер ретінде ұсынылуы мүмкін.



Музей жәдігері ретіндегі қола дәуірінің керамикалық ыдысы ежелгі адамдардың өмірінен көрініс береді



Сырғалар – түпнұсқа жәдігер, зергерлік өнер туындысы

Музейлерде тарихи жәдігерлердің түпнұсқасымен қатар олардың көшірмелері ұсынылады. Бұлар – бұйымның түпнұсқасының орнына жәдігер ретінде қолданылатын заттар. Көшірмелердің түпнұсқадан еш айырмасы болмайды, барлық белгісі мен қасиетін дәл береді. Репродукция, көшірме бедер, муляж, модель, макет, ғылыми реконструкция, жаңа жасалым, голограммалар сияқты көшірме түрлері болады.

Музей экспозицияларында ұсынылатын жәдігерлер музей бұйымдары коллекциясының бір бөлігі ғана. Әдетте коллекциялардың басым бөлігі қор жиналатын қоймаларда сақталады. Мәселен, Ақмола облысының тарихи-өлкетану музейінің қорында 80 000-нан астам жәдігер сақталған.



Сынып жетекшілерің немесе тарих мұғалімімен бірлесіп, музейге экскурсия жасауды ұйымдастырыңдар. Музейге бару жоспарың құрыңдар.



Жәдігер ретінде ұсынылған сазсырнай. Жаңадан жасалған бұл бұйым материалы мен өлшемі жағынан түпнұсқадан айнымайтын көшірме болып табылады



Қытай қола айнасы.
Тан династиясы дәуірі (VII–IX ғғ.),
Ақмола облыстық
тарихи-өлкетану музейі



Ас табақ – ет салуға арналған
дәстүрлі қазақ ыдысы.
Табақша – тәтті тағамдарды салуға
арналған дәстүрлі қазақ ыдысы

Музей қорын толықтыру үшін қызметкерлер жәдігер жинаумен айналысады. Олар экспедицияларға шығып, тарихи құндылығы бар бұйымдарды іздестіреді және т. б. Бұндай бұйымдардың музейге сый ретінде тапсырылатын кездері де болады.



1. Қандай бұйымдар мен заттар музей жәдігерлеріне айнала алады?

2. Неліктен музейлерде жәдігерлер орнына кей кездерде көшірмелер ұсынылады?

Экспозицияда ұсынылған әр жәдігердің заттаңбасы болады. Заттаңба – бұйымның атауы, материалы жайлы мәлімет, өлшемі, дайындалу тәсілі, авторы туралы және басқа да маңызды ақпарат берілген мәтін. Көп мөлшердегі ұсақ материалдар (нумизматика, жеке коллекция, зергерлік әшекейлер және т. б. бұйымдар) ұсынылғанда, әрқайсысы нөмірленеді, ал заттаңба нөмірге сәйкес жеке парақта бірге беріледі.

Жәдігерді көпшіліктің назарына ұсынбас бұрын музей қызметкерлері күрделі жұмыс атқарады: оның түпнұсқалығын, бұйымға байланысты тарихи оқиғаны анықтайды, қажет болса, алғашқы жаңа қалпына келтіру үшін жөндеу жұмыстарын жүргізеді, сақталуын қамтамасыз етеді.

Музейлерді зерттеу ісімен музейтанушылар айналысады. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында бүгінде біз музей жәдігерлері арқылы еліміздің тарихы, мәдениеті мен табиғаты туралы деректерді біле аламыз.



Реставратор жұмыс барысында



Арқар мүйізінен жасалған ожау.
1924 ж. Ақмола облыстық
тарихи-өлкетану музейі

Музейтану – музейлер туралы ғылым. Ол музейлерді, олардың жинаған туындылары мен коллекцияларын суреттеуді, экспозицияларды дұрыс құруды, музей қорларындағы жәдігерлерді дұрыс сақтауды, экскурсиялық жұмысты өткізуді үйретумен айналысады.

Музей және көрмелердегі тәртіп ережесі

Тәртіп ережесіне сай музейге келуші жәдігерлерді көруге кіріспестен бұрын сырт киімін шешіп, киім тапсыратын орынға қалдыруы керек. Музей немесе көрме залдарын шусыз, тыныш аралау қажет. Қатты сөйлеуге немесе танысың не досыңды айқайлап шақыруға тыйым салынады. Қайсыбір жәдігермен танысу үшін басқа келушінің алдына кескестеп тұрып алудың қажеті жоқ. Музей не көрме жәдігерлерін ұстауға қатаң тыйым салынады. Бұл туралы келушілерге әр көрме залында орналасқан арнайы тақтайшалар ескертіп отырады.

Экспонатты суретке түсіргілерің келсе, әуелі түсіруге рұқсат берілген, берілмегендігін біліп алу қажет.

Қарапайым ережелерді сақтау – тарихқа және музей қызметкерлерінің еңбегіне деген құрметтің белгісі.

Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінде тарихшылар, археологтар, этнологтар, биологтар жұмыс істейді. Олар жәдігерлерді жинап, зерттейді, ғылыми тараптан қызығушылық тудырғандарын бөліп алып, көпшіліктің назарына ұсынады. Бұл жәдігерлер біздің өлкенің тарихы, мәдениеті, табиғаты мен адамдары туралы анағұрлым нақтырақ мәлімет береді.



1. Осы сабақта музей туралы білген жаңалықтарыңды баяндандар.

2. Тарихи мұраны жеткізуде жәдігерлер қандай рөл атқарады?

3. Музейлердің тарих үшін маңызы қандай?

МУЗЫКА

§ 5. Туған өлке симфониясы



1. Қалай ойлайсындар, дәстүрлі ән дегеніміз не?
2. Оны заманауи әннен не ерекшелейді?



Ақмола облысы – мәдени мұраға бай өлке. **Сарыарқаның** кең даласы талай әнші-ақындарды, сал-серілер мен композиторларды тудырып, олардың қайталанбас өнерін сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

Ақмола облысы халқының рухани мәдениетінде ұлттық музыка өнері айрықша орын алады. Бұл – Арқа дәстүрлі ән мектебінің негізін қалап, оны дамытуға үлес қосқан Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайдай суырыпсалма ақындар мен әнші-композиторлардың, сал-серілердің мекені.

Арқа өңірінің ән дәстүрінде әндер кең тынысты, әуені бай, терең мазмұнды, асқақ болып келеді. Тағы бір ерекшелігі Арқа ән дәстүрі тәжірибесінде төмен дауыстар сирек кездеседі. А. Затаевич жазбаларында бұл жайлы: «Қазақтар қуатты, алысқа жететін, кеңістікті кернейтін дауыстарды аса жоғары бағалайды, шырқаған дауысы қас қарайғанда 7–8 шақырымға жететін әншіге жететін адам жоқ», – деген.

Біржан сал Қожағұлұлы
(1834–1897)

Дарынды әнші, қайталанбас тамаша әндердің авторы, суырыпсалма ақын. Біржан сал өз кезеңінде жас өнерпаздар өнер көрсеткен көшпелі театрдың негізін қалап, шығармашылығы арқылы қазақ дәстүрлі ән өнерінің, орындаушылық, композиторлық салалардың дамуына үлес қосқан.



Батыс Қазақстан дәстүрлі ән мектебінің өкілі Мұхит Мералыұлының «Айнамкөз» әні мен Ақан серінің «Маңмаңгер» әнін тыңдап, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сараптап көріңдер. Нәтижесін Венн диаграммасы түрінде ұсыныңдар.



Біржан сал Қожағұлұлының портреті.
Ә. Қастеев

Біржанның «Айтбай», «Ақтентек», «Алтын балдақ», «Бірлән», «Ғашығым», «Мәті-Дәулен» атты әндері мазмұны, құрылымы, орындаушылық шеберлігі жағынан теңдесі жоқ шоқтығы биік туындылар болып саналады.

Ақан сері Қорамсаұлы
(1843–1913)

Дарынды ақын, қазақ сахарасының орындаушы-композиторларының жарқын өкілі. Ол халықтың ықыласына бөленіп, өнері мен өмірінің ерекше сипатына орай «сері» атанған. Жүйрік ат, алғыр тазы, қыран құс баптаған Ақан сері түрлі тақырыптарда бай музыкалық мұра қалдырды. Олардың ішінде көпке танымалы: «Балқадиша», «Сырымбет», «Құлагер», «Маңмаңгер» және тағы басқалары. Оның музыкалық шығармашылығы Арқа орындаушылық мектебінің дамуына оң ықпал етті. Кейінгі әнші-ақындардың көбі Ақан серіні өзіне ұстаз тұтқан.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы
(1860–1930)

Халық композиторы, асқан әнші (тенор), суырыпсалма ақын, классикалық халық музыкасының жарқын өкілдерінің бірі. Ақынның шығармашылық қорында 40-қа жуық ән бар. Олардың арасында «Гәкку», «Көкше», «Дүние», «Желдірме» және т. б. кең танылған.

Үкілі Ыбырай зор дауысымен, қайталанбас тембрімен ерекшеленген. Оның дауысы тыңдаушыларды түрлі



Ақан сері Қорамсаұлы



Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы

күйге, ерекше әсерге бөлеген. Ол Біржан сал мен Ақан серіден бата алып, өзін қос өнерпаздың шәкірті санаған.

Балуан Шолақ Баймырзаұлы

(1864–1919)

Көрнекті ақын, халық композиторы, әнші, балуан. Талантты жас өнерпаздардан құралған топпен ауылдар мен қалаларда ансамбльдік ойындар көрсетіп, халық музыкалық аспаптарында ойнаған. Үкілі Ыбырай сынды Ақан сері мен Біржан салды өзіне ұстаз санап, олардың әншілік, орындаушылық дәстүрін насихаттаған.

Балуан Шолақты «Ғалия», «Сентябрь» атты циклді әндері көпшілікке танытқан. Оның шығармашылығындағы шоқтығы биік туындылары ретінде «Көкшетау», «Желдірме», «Жайқоңыр» әндерін атауға болады.

Ақан сері Қорамсаұлы

Қараторғай

Келеді қараторғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Айрылдым қапылыста сенен неғып.

[Қайырмасы]

Қараторғай,
Ұштың зорға-ай.
Бейшара, шырылдайсың.
Жерге қонбай.

Ертістің ар жағында бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай.
Ағаштың бұтағына қонып алып,
Сайрайды таң алдында қараторғай.

Дәстүрлі ән-күй өнері – халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұрасы. Бұл өнердің үздік шығармалары ғана сақталып, бізге жеткен. Оны алдағы уақытта да сақтап, болашаққа жеткізу – өскелең ұрпақтың міндеті.

Жаңа технологиялар дамыған заманда ұлттық мұраларды заманауи әдістермен сақтау тиімді. Ұлттық мұрамыздың бірі – ән-күйлерді сақтау үшін электрондық аудиокаталогтар жасалады.

Электрондық аудиокаталог – көлемді ақпаратты сақтаудың ең тиімді жолы.

Берілген ақпараттарды аудиокаталогта жүйелеудің екі тәсілі бар:

- тақырыптық;
- әліпбилік.

Музыка жинастыруда әліпбилік жүйелеу тәсілі қолайлы.



«Менің туған өлкемнің 30 әні мен әуені» аудиокаталогын жасаңдар.

Аудиокаталог жасау алгоритмі:

1. Түрлі дереккөздерді пайдаланып, өңір әнші-композиторлары мен күйшілерінің туындыларын компьютерде ашылған арнайы папкаларға жинаңдар.

2. Компьютерлік бағдарламалардың бірінде (Word, Excel) кесте сызып, әннің атын, авторын көрсетіңдер. Кесте мынадай жүйеде жасалады:

- 1) реттік нөмірі;
- 2) автор / композитордың тегі, аты-жөні;
- 3) шығарманың атауы.

3. «Сұрыптау» командасының көмегімен ақпаратты әліпбилік жүйеде автор тегі бойынша реттендер.

4. Аудиофайлдарды кестедегі нөміріне сәйкес нөмірлендер. Әр файлға автор тегіне сәйкес атау беріңдер.

5. Жұмыс аяқталған соң, ақпаратты CD-дискке жазып алуға да болады.



1. Арқа ән дәстүрінің ерекшелігі неде?
2. Өлкемізден шыққан тағы қандай әнші, композиторларды білесіңдер?
3. Аудиокаталог жасауда қандай қиындықтар кездесті?



Қос тілде оқимыз
Читаем на двух языках

ХРЕСТОМАТИЯ

Бұл бөлімде Ақмола облысынан шыққан ақын-жазушылардың шығармашылығымен танысасыңдар.

Туындыларды өздерің не мұғалімнің ұсынысы бойынша таңдап алып, оқуларыңа болады.

Туған өлкенің аңыз-әңгімелері Легенды и сказания родного края

Ақмола туралы аңыз

Ертеректе бір молда кісі бала оқытумен Арқа өңіріндегі ел-жұртқа танылады. Оның көріпкелдік қабілеті де бар еді. Қасиеті бар адамды жұртшылық әулие тұтып, жоғалтқанын сұрап отырады екен.

Бірде бір адамның бірнеше жылқысы жоғалып, молдаға келеді. Мұның соңы немен бітерін ойланбастан, молда оны көрші ауылдағы бір байдың барымташылары айдап әкеткенін айтады. Молданың болжамы дұрыс келіп, жоғалған жылқылар байдың табынынан табылады. Өшіккен бай молданың соңына түсіп, маза бермей қояды.

Түрткі көбейген соң, молда елден қашып кетеді. Қашып жүріп, жолда суық тиіп сырқаттанған ол жапан түзде қайтыс болады. Өлерінің алдында жанындағы серіктеріне: «Мені алысқа апарып әуре болмаңдар, осы жерге жерлеңдер. Бейітіме саз балшықты ешкінің майы мен сүтіне араластырып илеңдер», – деп аманаттап кетеді. Аманатын екі етпестен орындаған халық мазарды тұрғызып қойғаннан кейін байқаса, молданың мазары күн көзінде де, түнде де жарқырап, ақ түске боялып тұрады екен. Сол себепті де оны жұртшылық Ақмола деп атапты.

Легенда об Акмоле

В давние времена в степях Сарыарки прославился своими умениями и набожностью один мулла. Набожность не была единственным его талантом, он умел предсказывать будущее и находить пропавшее. Всякий у кого пропадало что-нибудь, вещь или животное, обращался к мулле с просьбой помочь в поисках.

Однажды у соседей пропало несколько лошадей, и они пришли к мулле за советом. Мулла, не задумываясь о последствиях, подсказал им, что их коней увели барымтачи соседнего бая. Так и оказалось, лошади нашлись в косяках бая.

Кони нашлись, но пострадал сам мулла. Обозленный бай стал его преследовать, не давая житья на родной земле. Мулла был вынужден спасаться бегством. В дороге, полной лишений, он заболел и скончался, не выдержав испытаний. Перед смертью добропорядочный мулла сказал: «Не возите мое тело по степи. Похороните там, где я умру. Когда будете возводить мазар над моей могилой, замешивайте глину на молоке и жире коз». С тем напутствием и скончался.

Люди, похоронив его, замесили глину на молоке и жире коз. А когда закончили строительство, оказалось, что мазар над могилой муллы днем и ночью сияет белым светом. С тех пор эта местность стала называться Акмола.

Атбасар – ат аялдататын жер

Атбасар – қазіргі уақытта Ақмола облысындағы кішкентай қалашық, аудан орталығы. Жанында Жабай өзені ағып жатыр. Осы жердің атауының шығу тарихын саяхатшы, ақын-жырау Асан қайғының есімімен байланыстырады. Оның саяхатының мақсаты қазақтар «Жерұйық» – «Арман еткен жер» деп атаған жұмақ жерді іздеу болатын.

Бір аңыз бойынша, Асан қайғы ақ түйесі Желмаямен жүреді. Басқа әңгіме бойынша, ол атпен саяхат жасаған. Сол кезде оның аты Жабай өзеніне жеткенде, қарт: «Ат аялдататын жер екен», – депті. Содан бұл жер «Атбасар» деп аталды.

Біздің уақытқа дейін Атбасар қалашығында далалықтар асыл тұқымды жылқы саудасымен айналысатын үлкен ат базары болған. Содан бұл жердің атауы ел арасындағы «Ат базарына» қайта оралды. «Атбасар» қаласының атауы осылай пайда болған.

Атбасар – место, где можно остановить коня

Атбасар – небольшой городок в Акмолинской области, районный центр. Рядом протекает река Жабай. Предание связывает происхождение названия этой местности с легендарным Асаном кайгы, мудрецом, путешественником, поэтом-жырау. Целью его путешествий был поиск райской земли, которую казахи называли «жер уюк» – «земля обетованная».

По одной легенде, Асан кайгы ездил на белой крылатой верблюдице Желмая. По другим – путешествовал на коне. И вот однажды, когда его конь достиг реки Жабай, Асан кайгы вдруг произнес: «Ат аялдататын жер екен», что в переводе означает: «Здесь можно остановить коня». Поэтому и называется эта местность Атбасар – «место, где ступила нога коня».

Вплоть до нашего времени в Атбасаре был большой конный рынок, где степняки торговали лошадьми ценных пород. Народная молва переименовала городок в «ат базары» – «лошадиный рынок».

Байдалы көлі туралы аңыз

Байдалы көлі Ақмола облысындағы Аршалы ауданында орналасқан. Аңыз бойынша, осы жерлерден Абылай хан әскерлерімен жүріп өткен

деседі. Оның нөкерлерінің арасында алғыр ойымен және тауып айтқыштығымен көзге түскен Байдалы атты би болыпты.

Бірде хан жазықты болғаны үшін жас батырлардың бірін жазалауға бұйырады. Ағаш үшбұрыш таған жасап, соның ішіне жазықты батырды жүресінен отырғызып қояды. Тағанның ішінде отырған байғұс батырдың кешірім сұрауға да қауқары қалмайды.

Бұл жігіт пен Байдалы би бір рудан екен. Сонда Байдалы би: «Көзің бақырайып не ғып отырсың? Тым болмаса, өлім алдындағы ешкідей маңырамайсың ба?!» – дейді. Жігіт үндемейді. Тек көзімен ғана өзіне рақым етуін сұрайды. Байдалы би Абылай ханға қарап: «Ей, хан, сен қазақтардың ханысың, халық сені сайлады. Егер бұзақы топ келіп, саған жабылса, қайтер едің? Сонда сені кім қорғайды, бұл жігіт сенің күзетшің емес пе? Оны босат... Адамдардың соңына түспе!» – дейді.

Абылай хан Байдалы бидің сөзінің әділ екенін мойындап, жігітті босатуға әмір етеді. Содан бері осы оқиға өткен маңдағы көл «Байдалы» деп аталады, ал жанындағы асу «Абылай хан да аса алмайтын асу» деп аталыпты.

Легенда об озере Байдалы

Озеро Байдалы находится в Аршалыном районе Акмолинской области. Как гласит легенда, в этих местах проезжал со своим войском хан Абылай. В его свите был бий по имени Байдалы, который славился острым умом и метким словом. Как-то случилось, что один молодой батыр провинился, и хан Абылай приказал казнить его.

Провинившегося батыра на коленях усадили внутрь деревянной треноги. Бедному батыру ничего не оставалось, как глазами умолять о пощаде. Глаза его встретились со взглядом бия Байдалы, который был раздосадован, потому что Байдалы бий и жигит были из одного рода. Байдалы воскликнул: «Что ты остолбенел?! Неужели не можешь хотя бы заблестеть, как коза, перед смертью?!» Но поскольку жигит продолжал молчать, лишь глазами умоляя о пощаде, бий Байдалы обратился к хану Абылаю. Он сказал: «Хан, ты среди казахов потому и хан, что народ сам тебя выбрал. А что будет, если враги нападут на тебя? Кто тебя тогда защитит, как не этот жигит из твоей охраны? Освободи его. Не гневи людей!»

Хан Абылай, признав, что слова бия Байдалы вполне справедливы, приказал освободить жигита. С тех пор озеро и называется Байдалы, а близлежащий перевал – «Перевал, который не смог преодолеть даже Абылай».

Бурабай

Көкшетау таулары үстіндегі аспан көкпеңбек, ауасы тұнық, мөлдір болғандықтан, оны «Көкше тау» деп атаған. Осы таулардың арасын ертеректе еркін де тәкаппар ақбас бура мекен етіпті. Бура ірі әрі күшті болыпты, ал оның шудасы аппақ, қалың екен. Бұл Бура ешкімге бағынбай, жалғыз жүріпті. Оған Көкшенің қалың нуы – мекен, суы таза, айдыны мөлдір Күміскөл суат болыпты. Ақ бура күн сайын түс мезгілінде көлден су ішуге келеді екен және әрдайым тек бір ғана соқпақпен жүретін көрінеді.

Бура қасиетті еді. Жау қосындарының жақындағанын күні бұрын сезіп, боздаған дауысымен халыққа төнген қауіп жайлы хабар беретін. Бура ханға төнген сырқат пен кеселді де ерте сезеді екен, мұндай күндері Бура ерекше тынышсызданып, күңірене боздап, мазасызданып көрінеді. Үрейлі күндердің алдында ақ бура толассыз, тоқтаусыз боздайды. Боздаған дауысты жақын маңдағы орман мен дала халқы естіп, қалың қол жинап, жауға тойтарыс беруге жасақтала бастайтын болған. Жергілікті халық ақ бураға құрмет көрсетіп, бәле-жаладан қорғау үшін Көк Тәңірінің өзі жіберген қасиетті жануар деп санаған. Уақыт өте келе бұл маңда ешкімді аямайтын өзі сияқты қаскөйлерден топ құраған қаніпезер қарақшы пайда болады. Олар кедейлерді тонап, әлсіздерді, жан-жануарлар мен құстарды бейберекет қыра бастайды. Мұны білген бура қарақшылардың келе жатқанын тұрғындар мен осы маңға түгел сездіретін болыпты. Ескертуді естіген олар тығылып қалып, қарақшылар олжасынан қағылыпты. Қарақшылар бураның өз істеріне кесірін тигізгенін біліп, оны өлтірмек болады.

Күндердің бір күнінде Бура қалың орманды ақ омырауымен жапырып келе жатып, қаскөйлерге кез болады. Қарақшылардың көсемі садағын ұзын жебемен оқтап, бураның кеуде тұсын нысанаға алып, атып қалады. Жебенің оғы киелі жануардың көкірегінен өтіп, өркешінің тұсынан тесіп шығады. Аузынан қанды көбік атқан Бура темір тұяқтарымен қаскөйді таптамақ болып, алға ұмтылады. Қарақшы жан сауғалау мақсатында атына қамшы басып, қаша жөнеледі. Жарақат алған бура өзінің енді ажалдан құтылмасын сезіп, туып-өскен Күміскөлдің жағасына бет алады. Сол жерде басын Қағба жаққа қаратып, көз жұмады. Осы қалпында қасиетті Ақ бура қос өркешті ақ тауға айналып кетеді.

Бұл таудың биіктігі 690 метр. Артқы өркешінен әлі күнге дейін оны мерт қылған жебе шығып тұрған көрінеді.

Ақ бура мекен еткен тау, көл мен орман маңы осы оқиғадан соң Бурабай деп аталып кеткен деседі.

Бурабай

Горы Кокшетау потому и называются «Голубые (небесные) горы», что небо над ними синее-синее, а воздух в этих местах чист и прозрачен. В давние времена в этих горах обитал гордый, свободный белый верблюд – Бура. Он был высок, силен и красив. Шерсть на нем была густая, белая-белая. Этот огромный верблюд всегда ходил один, никому не подчинялся. Его родным домом была густая чаща кокшетауских лесов. Воду он пил только из одного озера, которое в народе за чистоту прохладной воды и ее прозрачность называли Кумискол, то есть, озеро Серебряное. Каждый день белый верблюд Бура приходил в полдень пить воду из озера, и приходил он сюда по одной и той же дороге. Этот верблюд был священный. Он заранее чувствовал приближение вражеских полчищ и своим громким криком предупреждал людей о нашествии чужаков.

Бура чувствовал приближение болезней к хану и в такие дни становился особенно беспокойным и шумным. Перед тревожными днями Бура, не переставая, громко ревел. Рев его слышали жители окрестных лесов и степей и спешно собирались в отряды, чтобы отразить набег врагов. Люди хорошо относились к белому верблюду, поклонялись ему. Они считали его священным животным, которое послал им бог Неба Тенгри, чтобы оберегать их от напастей.

Местность, в которой обитал белый верблюд Бура, так и стали называть – Бурабай. Озеро с серебристой водой, где он утолял жажду, называли Бурабай. Прошло много лет. И вот среди людей появился один кровожадный злодей и собрал шайку таких же подлых и злых людей, как он сам. Они начали грабить бедных и убивать беззащитных, безжалостно истреблять диких зверей, птиц и животных. Узнав о них, Бура стал своим ревом предупреждать животных и людей об их приближении. И не стало у разбойников удачи, звери стали спасаться от злых охотников бегством. Но и кровопийцы узнали о том, что Бура предупреждает зверей и животных об их приближении, и решили его убить.

Однажды Бура шел, рассекая густой лес своей мощной белой грудью, и наткнулся прямо на охотников. Предводитель разбойников выхватил большую стрелу и, натянув тетиву лука, выстрелил прямо в грудь белому верблюду. Железная стрела пробила грудь Буры, он громко взревел, и бросился на разбойника, пытаясь растоптать его копытами. Разбойник, спасаясь, ударил камчой коня и умчался прочь. Чувствуя приближение гибели, Бура повернул назад и пошел к своему озеру с серебристой водой. Он лег на берегу озера, повернул голову в сторону священной Каабы и закрыл глаза. Так и замерло священное животное, навсегда превратившись в большую белую гору с двумя горбами.

Высота этой горы достигает 690 метров. Из заднего горба до сих пор торчит стрела, от которой погибло могучее животное. А горы, озера и леса вокруг этой горы с тех пор так и называются Бурабай.

Ерейментау

Сонау ерте заманда, «Ақтабан шұбырынды» кезінде, қанжығалы деген ел Сырдың бойын мекендеген екен. Бірақ жаугершіліктің әртүрлі ауыртпалығының әсерінен мал мен жанға қолайлы жер іздеп, сары даланы бетке ала көшеді. Көш жүре-жүре Арқаның айтулы көкшалғынды, таулы аймағына келіп, ат басын тірепті. Бір тасты таудың басына шығып байқаса, тастары ыстық екен. Сонан бұл тауды «Күншалпын» деп атайды. Келесі бір таудың беткейін аралап жүрсе, ірі-ірі әр жерде жатқан тастарды көреді. Бұл таудың атын «Сандықтас» деп атайды.

Күндердің бір күнінде жоңғарлар ойда жоқта шабуыл жасапты. Белгілі батыр Бөгенбай бір топ сарбаздарымен жоңғарларға қарсы шығады. Жекпе-жек сайысы болып, жаудың батырын найзамен шаншып түсірген Бөгенбай жеңіске жетеді. Қалмақ батырының мінген аты тұлпар болса керек. Бөгенбай қашқан жауды түре қуып тастап, жаңағы атты бір жігітке іздегіпті. Арада бірнеше күн өткенде әлгі жігіт күрең атты Кәрітау деген жерден тауып, жетекке алып ауылға келеді. Сұрағандарға атты «ерімен табылды» деп жауап беріп отырады. Осыдан жаңағы Кәрітау Ерімен тау, кейін келе «Ерейментау» аталып кеткен екен.

Ерейментау

Давным-давно, на берегу Сырдарьи жили казахи рода канжыгалы. Из-за набегов врагов они стали искать земли, подходящие и скоту, и им самим, и переселились в широкую степь. Они нашли такой край, где росла густая зеленая трава, и остались там жить.

Как-то раз, взбираясь на одну каменистую гору, люди заметили, что камни на ней очень горячие. Из-за этого гору начали называть Куншалпын. Рассматривая другой склон горы, увидели, что там много-много больших камней. Эту гору прозвали Сандыктас.

Однажды джунгары внезапно напали на них. Против них вышел батыр Богенбай вместе со своим войском и одержал победу. Один джунгарский батыр был верхом на отличном скакуне. Богенбай погнался за джунгаром и убил его. Непокорная лошадь вместе с седлом ускакала в горы. Люди, видевшие это, стали кричать: «Ерімен кетті! – С седлом ускакала». Богенбай батыр поручил одному жигиту найти сбежавшего жеребца. После нескольких дней поиска юноша нашел скакуна у гор Каритау и привел его в аул. Спрашивавшим о лошади он отвечал: «Ерімен табылды» – «С седлом нашел». С тех пор Каритау стали называть Ерімен тау, а позже и Ерейментау.

Құланөтпес

Ертеде бір хан өмір сүріпті. Ханның жалғыз ұлы болыпты. Ол саятшылықты жақсы көріпті. Бір күні ханның ұлы нөкерлерімен аң аулауға шыққанда, бір үйір құланды көреді. Ханның ұлы бастаған нөкерлері құландарды қуа бастайды. Бір уақытта қуғын кезінде, ханның ұлы бір ақсақ құланды қуып кетеді. Оның астындағы аты жүйрік болса керек. Ал нөкерлерінің аттары шаба алмай аптығып, тоқтап қалады.

Ақсақ құлан бір кезде ханның баласының атына қарсы шабады. Сол уақытта құлан хан баласын тісімен тістеп құлатып, таптап өлтіреді. Ордаға қайта оралған нөкерлер хан баласының өлімін естіртуге қорқып, күйшіге «ханға айт, естірт» деп әмір береді. Күйші ханға келіп, малдасын құрып, баласының өлімін өзінің домбырасымен естіртіпті. Бұл хабарды естіп қаһарланған хан баласының өшін алмақшы болады. Ол өз әскеріне екі жақтан ұра қаздырып, (біреуі кейіннен Нұра деп аталған, екіншісі Құланөтпес деп аталып кеткен) құландарды айдап, өлтіреді.

Куланотпес

Давным-давно жил один хан. Был у него единственный сын, который любил охотиться. Однажды сын хана вышел на охоту со своими слугами и увидел стадо куланов. Погнавшись за ними, охотники настигли одного хромого кулана. Лошадь сына хана была очень быстрой и смогла догнать кулана, а лошади его слуг остались позади. Хромой кулан напал на лошадь и, затоптав, убил сына хана. Вернувшись в ставку хана, слуги побоялись рассказать ему о смерти сына, приказав куйши поведать об этом. Куйши пришел к хану, взяв в руки домбру и поведал о смерти его сына. Узнав об этом, хан приказал своим войнам выкопать две ямы (в последующем одна из них будет называться Нура, а вторая – Куланотпес). Войска по приказу хана загоняют куланов и убивают их.

Оқжетпес

Бұдан жүз жыл бұрын ба, әлде мың жыл бұрын ба, кім біледі, Арканың Көкшетауының бауырын әрі батыр, әрі асқан аңшы бір кісі мекендепті. Кәсібі бүркіт салып, аң аулау болыпты. Ол кезде бұл маңды Көкшеге ауып келген «Оралдың ақ иығы» атты орасан күшті бүркіттер мекендейді екен.

Аңшы бір күні аң аулап келе жатып, қазіргі Оқжетпес аталатын, бейне алып күшті дәу қолмен текшелеп үйіп қойғандай, үшкір найзаланған биік тас таудың шың басына бір бүркіт адам тәрізді жәндікті бүріп қона бергенін көріп қалыпты. Сол арада: «Апырмай, мұның жемі адам тәрізді

гой», – деп ойлайды да, жалма-жан садағын ала салып, бүркітті көздеп тартып жіберіпті. Зулаған оқ таудың ортасынан аса, көзделген шың тасқа жетпей жерге түсіпті. Құтқара алмайтынын сезген аңшы көңіліне жаман ой түсіп, дереу үйіне жүгіріп келсе, әйелі зарлап жылап отыр екен. Жаңағы бүркіттің бүрген жемі аңшының жалғыз баласы екен. Ашына күйінген аңшы: «Ең болмаса, қызымның сүйегін көмейін» деген оймен, «Құлап өлсем, жаным артық па» деп тәуекелге бел байлайды. Бұрын құс болмаса, адам шықпаған найза тауға шығып, қызының сүйегін алып, түбіне жерлепті. Содан тас тауға «Оқжетпес» деп ат қойған екен.

Окжетпес

Кто знает, когда это было... Сто или тысячи лет назад? На просторах Сарыарки жил батыр, великопленный охотник. Изо дня в день он охотился с ловчими птицами. Тогда в Кокше было много больших, красивых беркутов.

Как-то раз батыр охотился возле одной горы. Казалось, будто вершину горы в виде острия наконечника слепил человек. И увидел батыр на остром пике высокой каменистой горы, которая называлась Окжетпес, беркута, удерживавшего что-то похожее на человека. Охотник подумал: «Какой ужас! Его пища похожа на человека», – и выстрелил из лука в беркута. Стрела долетела до середины горы и упала на землю. С плохим предчувствием охотник отправился домой. А дома его со слезами встретила жена. Оказалось что, пищей беркута была его единственная дочь. Отчаяние и гнев овладели охотником. Он сказал: «Надо хотя бы похоронить дочь. Я умру, но взберусь на гору, куда никто не взбирался, куда даже не попала моя стрела». Охотник взобрался на гору, нашел останки ребенка и похоронил там.

И тогда назвали эту гору Окжетпес, что в переводе на русский значит «и стрела не долетит».

Шоқан Уәлиханов Ыстықкөл сапарлары күнделігінен

Бақалы

Бақалы – бақаның көп жері деген мағына береді. Сарыбағаш руынан шыққан бір қырғыз манап Үмбетәлі сол жерде қыстағанда, бір бастауда қыс бойы бақалар бақылдаған деп сендірді. Оның айтуынша, бақалардың терісі аппақ, ал үлкендігі жұдырықтай болыпты.

Торайғыр тауы

Торайғыр – торы түсті айғыр деген сөз. Қазақтардың аңызы бойынша, олар осы арадан қалмақ жоңғарларды қуған кезде, осы таудан торы айғыр тауыпты.

Торайғыр – албандардың тамаша қыстауы. Елдің айтуынша, онда мүлдем қар болмайды, ал болса да, аз жауып, тез еріп кетеді.

Қарқара өзені

Қазақтар қалмақтарды шапқан бір жорықта осы өзеннен Зайсанның екі жас қызын ұстап алады. Олардың ауылы жаңа көшіп жатыр екен. Осы жерде қалған қыздар өздерін ретке келтіріп, көшке сәнді киіммен бармақшы болған. Олардың бастарында құстың қауырсын қанаттары болады. Қазақтар оны қарқара деп атайды. Содан бері өзен Қарқара атанып кетіпті дейді аңыз.

Санташ асуы

Санташ – санаулы тас. Бұл асудың бұлай аталуына себеп болған бір қорғанға үйілген тастар. Қорғанның биіктігі 3 құлаш, айналасы 35 қадам. Аңыз бойынша, Әмір Темір Қытайға император Каан Чинның қызын алу үшін сапар шегеді (Каан Чин – Қытай императорының титулы (түркіше басқаша), Хаканчин – Қытай императоры (титул), қазақтар оны жалқы есім қып алған). Әмір Темір әр жауынгеріне қолына бір-бір тастан алып, бір жерге үюге бұйрық етеді. Кейін қайтқан жолында ол енді тасты алып, келесі жерге үюге әмір етеді. Қалған тастарға қарап, қанша әскер жоғалтқанын шамалайды.

Қарауыл Қанай би

Зерек, сезімталдығы жас кезінен қалыптаса бастаған баланың сөз тапқыш алғырлығы ауылдастары арасына таралады. Бір күні үйіне келіп отырған қонақ:

– Мына сүйекті ана балаға бере салыңыздаршы, – дегенде, Қанай бала:

– Ақсұңқар құс шашып жейді, қарақұс астына басып жейді, ит сүйек жейді, адам ет жейді, сүйекті өзіңіз жеңіз, – деп еті жоқ жамбасты қайтарып беріпті. Содан бастап ол ел, жер, жесір, барымта дауына араласа бастайды.

Бұл Қанайдың 13–15 жастар кезі болса керек. Бірде Жоңғар ханы хабар салыпты: «Үш жұмбағым бар, соны шешіндер. Егер шеше

алмасаңдар, маған бағыныңдар», – депті. Халық сасып қалады. Қанай тұрып: «Жұмбағын естімей тұрып неге сасасыңдар, әуелі айтсын», – дейді.

Жұмбақ мынадай екен: «Қатар тұрған екі қыздың қайсысының жасы үлкен, қайсысының жасы кіші, екі пышақтың қайсысы ұсталған, қайсысы ұсталмаған, қатар тұрған екі аттың қайсысы кәрі биеден, қайсысы жас биеден туды. Соны айырып беріңдер».

Қанай екі қызды бір үйге орнықтырып күте беріңдер, қайсысының үлкен, қайсысының кіші екенін өздері білдіреді дейді. Қанайдың айтқанындай-ақ аз күн ішінде жас қыздың өзінен үлкенге көрсеткен құрметі арқылы жастығы білініп қалады. Бірінші жұмбақ осылай шешіледі.

Екі пышақтың темір басын отқа салыңдар, сонда бұрын ұсталған пышақтан майдың иісі, ұсталмаған пышақтан темірдің иісі шығатын болады дейді. Бұл жұмбақ та шешіледі.

Екі атты мініп, қара суға түсіріп, терлетіп әкеліп, желдің өтіне байлап қойыңдар. Сонда кәрі биенің құлыны желге артын береді, жас биенің құлыны желге қарсы қарап тұрады дейді. Сөйтіп, бұл жұмбақтың да шешімі табылады.

Ақтайлақ би мен Қанай шешен

Ақтайлақ би Қанай шешенді сынамақ болып:

– Ер басында бақыт нешеу?

– Кемдік нешеу?

– Құлазу нешеу? – деп сұрайды.

Сонда қарауыл Қанай шешен былай деп жауап береді:

– Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу.

Енді атап-атап айтайын:

Астындағы атың жүрдек болса,

Жалғанның пырағы;

Алғаның жақсы болса,

Үй мен қонақтың тұрағы;

Әкең – асқар тау,

Шешең – қайнар бұлақ,

Балаң жақсы болса,

Екі көздің шамшырағы.

Міне, бес бақыт осы.

– Атың шабан болса,

Жалғанның азабы;

Алғаның жаман болса,
Дүниенің тозағы;
Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Міне, үш кемдік осы.

– Қалың ел көшсе,
Көл құлазиды,
Қаптаған мал кетсе,
Бел құлазиды.

Нарқын танымаған
Сөз құлазиды,
Қатарынан айырылған
Шал құлазиды.

Міне, төрт құлазу осы.

– Бәрежелді, таптың, балам, – депті Ақтайлақ, – Енді маған жұмбағыңды айт?

Сонда Қанай: – Ажалды қарға бүркітпен ойнайды деген, мен сіздей білгір дүлдүлге жұмбақ қоя алмаймын, – депті.

Саққұлақ шешен

Тышқан жылының (1816) қысында Ұлытау жері мұздақ болып, Алтай-Қыпшақтың қалың жылқысы Ерейменді тебіндеп шығады. Көктемде шаруалар малын түгендесе, сексен жылқы кем болады. Осы малды даулап Байдалы би бастаған кісілер Бапан ауылына келіп түседі. Сонда Бапан:

– Байеке, жоғалған жылқы жалғыз сіздікі емес, жөндіккен тақым жалғыз біздікі емес шығар. Жөн айта отырыңыз, – дейді.

Байдалы би:

– Тай мініп, тайлақ жетектегенді

Әр жерден көрдің.

Жиенінің жылқысын алып,

Қан сорпа қылғанды

Қай жерден көрдің?

Бір тонау бар – хан тонау,

Бір тонау бар – тон тонау,

Аты-жөні жоқ бұл қай тонау? – деп шұбырта жөнелгенде, Бапан сөзден тосылып қалады. Осы кезде топ ішінде отырған бір жасөспірім жігіт:

– Биеке, дат! – деп, Байдалының алдына келіп басын иеді.

«Қанжығалының үлкені тұрып кішісінің сөйлегені қалай?» – деп, би мұның сөзін жақтырмай қабақ шытады. Жасөспірім жігіт әрі қарай термелей жөнеледі:

– Уа, оның несі сөкет екен?

Атасы тұрып ұл сөйлесе,

Ұлдың ер жеткені.

Анасы тұрып қыз сөйлесе,

Қыздың бой жеткені.

Өсетін жасты

Өлетін кәрі бетінен қақса,

Заманның кері кеткені емес пе?

Байдалы балаға таңдана қарап:

– Көп ішінде сөйлеген, жас балам,

Даугерің сенің дақ еді,

Құлағың неткен сақ еді,

Сипатыңа қарасам,

Қара лашын, тұйғынсың,

Сөйлер сөзге келгенде

Бәйге атындай сырғисың.

Көзіме жылы ұшырайсың,

Жөніңді айтшы, қай ұлсың? – деп сұрайды.

Бала іркілмейді:

– Арғы атам – батыр Бөгенбай, әкем – мына сөзден тосылып отырған Бапан. Алтайдың аузын асқа, адырын атқа толтырған Ішпекбай бабам берген батам емес пе еді? Сол Алтайға ана болған Аққоян да менің апам болатын. Ал бірақ сіздің оппаға құлап, жарға жығылған жылқыңызға бұл елдің түк кінәсі жоқ, – дейді.

– Апырмай, мен тозған екенмін, сен озған екенсің, балам. Сенің билігіңе тоқтадым. Ендеше, дау аяқсыз болсын, даугер атқа қонсын, – деп Байдалы орнынан тұрып кетеді.

Атақты биді сөзден тоқтатқан осы жасөспірім кейін Саққұлақ шешен атаныпты деседі.

Саққұлақ шешен мен Шоқан

Саққұлақ шешеннің шын аты Сәбден болған екен. Оның шешендігіне, сөз таба білетін алғырлығына таң қалған Байдалы би бала Сәбденге «Саққұлақ» деп ат қойыпты.

Саққұлақ шешеннің басқа шешен, билерден бір өзгешелігі – ол сауатты, білімді болған. Өзі айтқан билік сөздер мен өзге билер айтқан ата-

лы, бағалы ойларды үнемі қағазға түсіріп жүрген. Шоқан Уәлиханов оны бірнеше рет арнайы іздеп барып, әңгімелесіп, асыл мұраларын жинап отырған.

Бірде ауылына демалысқа келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонаққа шақырып, бірнеше күн оның тағлымды әңгімелерін тыңдайды. Дидарласу кезінде жас Шоқан қонаққа тосын сұрау қойып:

– Ақсақал, біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды? – дейді.

– Шырағым, көнеден сұрайды, – дейді шешен.

– Көне адасса, кімнен сұрайды?

– Көне адасса, көргендіден сұрайды.

– Көргенді адасса, кімнен сұрайды?

– Көргенді адасса, көптен сұрайды.

– Көп адасса, кімнен сұрайды?

– Көп адасса, көп оқығаннан сұрайды. Көп оқыған неге адассын! Әлгінде ғана Сатыбалдының Жаманқұлына күдіктеніп, оның Үмбеталы жырау туралы дастанын өзің де менен сұрап анықтап алған жоқпысың? – дейді шешен.

Содан соң:

– Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем.

Білім – таусылмайтын кен.

Адамның басшысы – ақыл.

Жетекшісі – талап.

Шолғыншысы – ой.

Жолдасы – кәсіп.

Қорғаны – сабыр.

Қорғаушысы – мінез, – дейді.

Саққұлақ би Шоқанның білімі мен мінезіне қатты риза болып, аттанарда былай деп бата беріпті:

Біліп туған бала екенсің,

Тумысыңнан дана екенсің,

Айла-ақылы дарыған,

Атаң Абылайдың тап өзіндей хан екенсің.

Өсе берсін бақытың,

Үстінде ағар тақыттың!

Сонда Шоқан: «Ақсақал, тақыт дегеніңіз артық болар» деп жымып, езу тартқан екен. Саққұлақ шешен оған іркілмей: «Мынаны қазақ тақ дейді ғой, білімпазым» деп, қасында тұрған орындықты көрсетіпті. Бұл «тұғырыңнан таймай өт» деген сөзі екен.

**Абылай хан... Ақ атан
(Жырдан үзінді)**

...Кербалақпен еркіндеп,
Қыранша ұшқан Сабалақ.
Қарсы шапқан «келші!» деп,
Шарыш та атын сабалап.

Түсте екеуі найзамен
Әлсін-әлі сайысып.
Алдырмайды айламен,
Қалқандарын қағысып.

Ет пісірім өтті уақ,
Жүр екеуі алысып.
Кейде аттардың тұяғы
Кетед жерге жабысып.

Шарыш ноян сезінді
Қалды қолы қарысып.
Әуелгі арын мүлде жоқ,
Алқынады тартысып.

Дәл осындай кезенді
Сабалақ та аңдыған.
Алдына найза кезеніп,
Қылыш оған пар қылған.

Кербалақпен тақымдап,
Қалқанын қағып найзамен.
Қылышты кезеп алқымға
Шауып қалған айламен.

Шарыш аттан құлаған
Шаңды қауып серейіп.
Жау жақ қатты шулаған,
Қазақтың өскен мерейі.

Сабалақ бұл соғыста
Көрсетті алғаш ерлігін.
Ел күйзелген ол тұста
Ал қамасын ерді кім?!

Шашақты найза сумаңдап,
Киген темір сауытты.
«Абылай!» деп ұрандап,
Сабалақ жауға шауыпты.

Ұранына қосылып,
Соңынан ел еріпті.
– Аққан селдей жосылып,
Жауға жаза беріпті.

Қарсыласқан жауының
Қанға батқан белшесі.
Осыдан соң қазақтың
Көтерілген еңсесі.

Жеңістен соң Сабалақ
Аты-жөнін айтыпты.
Әбілмәмбет сардары
Оған тарту тартыпты.

«Абылайлаған» ұраны
Атасы екен кешкен қан.
Әбілмансұр өз аты,
Әкесі екен Уәли хан.

Әбілмансұр содан соң
Сұлтан бопты жұрт тілеп.
Орта, ұлы, кіші жүз
Қарапты оған біртепелеп...

Олжабай батыр (Тарихи аңыз)

Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабайдың әкесі Толыбайдың жалғыз құла шолақ биесі бар екен. Құла шолақ бие құлындап, арбаға байлап сауып отырғанда, ұры алып кетіпті. Он жеті жасар күнінде Олжабай сол іздеуге (іздеуге) азық-түлік пісіртіп алып:

– Құла биені алған кісі іннің түбіне кіріп кетсе де, қоймаймын! – деп аттаныпты.

Айдалада бір жалғыз қара лашық үйге кез болып, сусын ішіпті. Сонда бір әйел айтыпты:

– Мына белдің астында бір көл бар, сол көлдің басында бір ел бар. Сол елде бір батыр сенің биенді байлап, сауып ішіп отыр. Бір биеннің сүтімен бір тайпа елді асырап отыр, биенді бере қояр ма екен? Өзіңді жазым қылар, уыз жас бала екенсің. Шырағым, жаным ашып айтамын, осы жерден қайтып кетсең де жарар еді. Мал үшін талайдың желкесін қиып жүрген қу жалмауыз еді өзі, – депті.

– Уай, шеше-ай, бұтынан ет кеткен соң, ат желмейді, мал үшін жігіт адам қайда өлмейді? Мен де қатынмын деп атқа мінгенім жоқ, батырмын ғой деп міндім, – деп атына мініп, тұп-тура көлдің басында отырған ауылға қасқиып барып, құла бие байлаулы тұрған үйге түсе қалып, кіріп барыпты. Биені алып келген батыр үйде отыр екен. Олжабайдың түрін көрген жерден танып:

– Алдыңа шығып, қолыңды қағар кісі жоқ. Бие сенікі болса, ал да жүре бер, балам, – деп жақсы сөзін айтып қала беріпті.

Олжабай биесін ноқталап алып, жетектеп жүре беріпті.

Елсізде келе жатып, бір жерге түсіп, астындағы атын, жетектеген биесін оттатып, шалдырып алу үшін олардың аузын шөпке тигізіп, өзі шалқасынан түсіп қаннен-қаперсіз, дәнemedен уайымсыз жатып, ұйықтап қалыпты. Шырт ұйқыда жатқанында жүрегі суылдап, құлағы шуылдап, өне бойы дуылдап, тамыр-тамыры қыбырлап, ет пен терісінің арасы жыбырлап, тұла бойы шымырлап бара жатқан соң, шошып басын көтермепті. Көзін ашып қараса, білектей сары шұбар жылан кеудесінің үстінде біресе қойнына кіріп, біресе мойнына оралып, біресе аяғына барып, қойны-қонышын тегіс аралап жүргенін көріп, аузын аңқитып ашып, «кіруге ін таба алмай жүрсің ғой, егер ін екен деп, аузыма кіргендей болса, бәлемнің басын бір-ақ қыршып тастайын» деп қозғалмастан жата беріпті.

Жылан аузына кірмепті, онан басқа денесінің бәрін түгел аралап болып, тамағының астынан жерге ырғып түсіп кетіпті. Олжабай жылан көзіне көрінсе, ұмар-жұмар қылайын деп басын көтеріп алса, басында ақ шалмалы бір қожа отыр дейді.

– Үстімде тіккен үйім жоқ, алдымда айдаған қойым жоқ. Айдалада шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан кісінің басында қақиып, қатқаныңның басын аламын деп отырмысың, қожа? – депті.

– Жоқ, шырағым, мен қожа емеспін, өзіңнің бақ-талайыңмын. Сені дию «алып кетеміз» деп он бес жыл аңдып еді, мен күзетші болып, алдырмап едім. Бір бүгін емес, қашан да болсаң, жүргенде қасыңда, жатсаң, басыңда болатұғын қайып-піріңмін. Сені сынамақ үшін сары шұбар жылан болып, тұла бойыңды кездім. Кеудең дәнемеден шімірікпейтін, деген байдың өзі, көк шолақтың көзі екенсің. Борбай жағың кішкене тітіркенейін деді, артыңнан сен ұстаған туды ұстар бала туа қоймас. Ешкімнің аруағын керек қылма, өз атыңды айтып «Олжабайлап» жауға шаба бер! Өзің түгіл «Олжабай» деп атыңды айтқанның алдынан пәле-жала, жын-шайтан серпілер! – деп батасын беріп, ғайып болды дейді.

Қалмақан Әбдіқадыров
(«Қажымұқан» повесінен үзінді)
Балуан Шолақпен кездесу

Үш атты көсем жеккен күймелі шана, қалың қарды пышақтай тіліп, Ақмолаға қарай келе жатты. Түтеген боран бөгеп, жолдағы бекетке екі күн түнеп қалып еді. Айналадағы елден бекетке келген бірлі-жарымды кісілер арқылы: «Патшаның тау көтеретін палуаны келе жатыр екен», – деген лақап ауылдан ауылға лезде тарады да кетті.

Тізбектеліп ұшқан үйректей, күйме сүйреткен көсем аттар қары ойылып, қайырулы тұрған қақпадан сып етіп бекеттің қорасына кірді. Бурыл тартқан Рысбек бекетші кешкі шөбін салып, мал қорасының есігін жаңа ғана жауып болып еді. Күймелі қонақты қошеметпен қарсы алды.

Қажымұқанның жастығын биік қойып, басын жоғары көтеріп ұйықтайтын әдеті еді. Көзі тез ілініп, тез оянатын. Албырттанып, ештеңені аңғармайтындай болып отырып, не ұйықтаған болып жатып, айтылған әңгімені түгел есітетін. Бірақ «Пәленше соны айтты» деп тіс жармайтын. Біреудің сыртынан сөз айтуға қаны қас адам еді.

Ас пісіп, түсіріліп жатқанда, бір күшті қол қақпаны соғып-соғып жіберді. Оның дүмпуі ағаш үйдің іргесін солқылдатқандай болды.

– Ойпыр-ай, мұнысы кім еді, тағы? – деп, алғашқы кесек етті тегенеге сала берген әйел ерінің бетіне қарады.

– Дәу де болса, палуан шығар осы... Алдыңғы күні ауылына келді деп еді. Мен шығайын, – деп, шараны жерге қойып, Рысбек тұра жөнелді. Қақпаға жете бере:

– Бұл кім? – деді тонын иығына жамылған бекетші.

– Қақпаңды аш, Нұрмағамбет!

– Ой, айналайын-ау, аңсаған кезде дидарыңды бір көрсеткелі құдай айдап келді-ау, сізді... – деп есікті тез ашып, атының шылауына оралды Рысбек.

– Атты ықтасынға байла. Қатты жүріп терлеңкіреп қалды.

– Палуан, ат жайын өзім білем. Үйге кіре беріңіз. – Бекетшінің әйелі төр алдында үстіне іркіп жапқан жүндес шекпен төбедей болып жатқан мырзаға тұр дей алмай, соған таяу төрт қабаттап көрпе төседі. Палуан сырт киімін шешіп, отырды да, үй-ішімен түгел амандасты.

– Палуан-ай, сізді көрмегелі де көп болды-ау... Ауылға келгеніңді естіп едік. Барып сәлемдесуге ақпанның қары үстемелеп, мойын бұрғызбай жатыр... – деп, Рысбек есіктен кіре сөйледі.

Оған жауап қайтармай, камшысын бүктей нұсқап:

– Есік алдындағы үйілген дөңдей күмпиіп жатқан мынауың кім өзі? – деп, жатқан мырзаға көз қиығын салды палуан.

– Ол бір Сарытерек жақтағы мырза көрінеді. Петерборға барып, қой сатып қайтқан ба, қалай... Күймемен қайтқан екен, жол соғып шаршап қалған көрінеді. Күн батқан соң келіп еді, демалып жатыр.

– Кім екен?

– Білмедім, палуан, елдес деді ме, жанбілмес деді ме, бір рудың атын айтып еді, есіме түсіре алмадым...

Балуан Шолақ көтеріңкі дауыспен:

– Онда, үйілген көң екені анық болды ғой, жатсын, – деді.

Мырза ыңыранып барып басын көтерді де, палуанға көз қиығын салып, үндемеді.

– Мырза, қайдан келесің?

– Петербордан.

– Я, ол жақтағы ел аман ба?

– Аман.

– Патшаның палуаны – Қажымұқан деген біреуі бар деп еді, оны көрдің бе?

– Жоқ.

– Сандалып талай жерге барсаң да, ауылда мен көрген Қажымұқанды көре алмаған екенсің?

– Сіз оны қалай көрдіңіз?

– Көргенде, әкесін таныттым, қар басқан бір бекетте отыр екен. «Мен патшаның палуанымын», – деп былшылдады. Отырған жерінде бүріп ұстадым да, жан-жағыма алма-кезек қарап алып, атып ұрып, далаға лақтырып жібердім.

– Өтірік айтасыз, оны көрген жоқсыз. Қажымұқанды атып жіберу үшін алдымен менімен бел ұстасып көру керек!

– Е, ондай да өнерің бар ма?

– Бар.

– Ендеше, орныңнан тұра ғой!

Мырза бешпентіне таққан медальдары сылдырап ұшып тұрды. Нұрмағамбет те атып тұрып, Қажымұқанды бауырына құшақтай басып:

– Атағың шығып, елдің абыройы болған бауырым, сағынып жүргенде, сені де көрдім ғой!.. Әкел бетінді...

Қазақтың екі палуаны бекетшінің үйінде осылай кездесті.

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Ақмола облысы: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2009.
2. Ақмола: энциклопедия. – Алматы, 1995.
3. Ақындар аманаты: Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. – Алматы, 2014.
4. Астана: энциклопедия. – Алматы, 2008.
5. Әбуев Қ. Қ. Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана, 2006.
6. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2010. Т. 57, Т. 58: Тарихи жырлар.
7. Балуан Шолақ. Шығармалары. Әндері, өлең-жырлары. Естеліктер, мақалалар, аңыз. – Алматы, 2014.
8. Жанайдаров О. К. Қазақ жерінің 100 аңызы. – Алматы: «Сораба» қоғамдық қоры, 2014.
9. Жахина Б. Б., Жәмбек С. Н., Есмағұлов А. Ы., Қияқова Р. Ж., Жұмағұлова О. А., Мусин Л. К., Бекмағамбетова А. М. Көкше өңірінің жауһарлары. Көкшетау: «Мир печати» ЖК, 2017.
10. Көркіңнен айналайын, Көкшетауым! Альбом. – Алматы, 1998.
11. Менің Отаным – Қазақстан: әдеби-көркем басылым. – Алматы, 2015.
12. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы: Т. 3. – Алматы-Шымкент, 2007.
13. Мусин Ж. Б. Жер шоқтығы – Көкшетау. – Алматы, 1989.
14. Сейфуллин С. Көкшетау: жыр-дастандар. – Алматы, 1994.
15. Таңғажайып өлке – Бурабай. – Алматы, 2009.
16. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – Алматы, 2009.